

Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Ибраймова, Э. Айнакулова. Мен өмірді жырлау үшін келгенмін.....	3
Б. Әліқұлов. Мұзбалақ ақын халқымен мәңгі жасайды.....	6
Г. Сүндетова. Жүрегі жыр – Жүмекен.....	7
М. Дауылбаев. Дәулеткерей Шығайұлы.....	10
Г. Кулбаева. «Әлия – дастан» патриоттық бағдарламасы.....	15
А. Рамазанов. «Үздік информатик» сайысы.....	20
П. Турарова. Тапқырлар тартысы.....	22
С. Асанова. Талаптанған тау асар.....	25
Ж. Нургалиева, А. Амангелді. «Менің анам мені әркез қолдаған» атты «Екі жұлдыз» ән байқауы.....	28
Т. Албергенова, Ә. Қайып. Құтты болсын Жаңа жыл!.....	30
Г. Шәдібаева. Құстар біздің досымыз.....	36
И. Әлішбаева. Біздің үйдің жақсы дәстүрлері.....	39
Г. Әсімова. Ұстаз.....	43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
08.02. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Мен өмірді жырлау үшін келгенмін

Мақсаты: М. Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне, жалпы сөз өнеріне сүйіспеншілікті берік қалыптастыру. Отанды, туған жерді сүюге тәрбиелеу, ақын жырларынан үлгі алу.

1-жүргізуші: Қайырлы кеш, қадірлі ұстаздар мен қымбатты оқушылар!

2-жүргізуші: құрметті жиналған қауым! Біз бүгін сіздермен ақиық ақын — Мұқағали Мақатаевтың туғанына 93 жыл толуына орай «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты кеште бас қосып отырмыз.

1-жүргізуші:

Сырымда осы,
Жырым да осы,



Алдында.

Байқашы бір,
Бықсыдым ба, жандым ба?
Махандар жоқ,
Махандардың сарқыты -

Мұқағали Мақатаев бар мұнда, - деп бір күндік сәуледей ағып өткен қазақ жырының шоқ жұлдызы Мұқағали Мақатаевтың бүгін туған күні.

«Елім барда» өлеңі жатқа оқылады.

2-жүргізуші:

Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден, - деп жырлаған Мұқағали Мақатаев биыл 93 жасқа толып отыр. Жыл керуені алға жылжыған сайын М. Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық-шынымен бақытты халық.

1-жүргізуші: Аламан бәйге оза шауып, өлең жырда шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз білмейміз.

2-жүргізуші: М. Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келді. Әкесі Сүлеймен осы өмірде колхоз ұйымдастырушы

болды. 1941 жылы майданға аттанып, содан оралмады. Шешесі Нағиман қарапайым шаруа адамы еді.

1-жүргізуші: Ақынның балдай тәтті балалық шағы жаралы соғыс жылдарына дәл келген, өз тұстары сияқты болашақ ақын да ерте есейіп, арба айдап, соқа салып, тырма тартып, шөп шауып, масақ терді.

«Ана, сен бақыттысың!» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Балалық шағынан-ақ ақын ерте есейді, еңбекке ерте араласты. Орта мектепті бітірген соң ауылдың хатшысы, қызыл отаудың меңгерушісі, комсомол қызметінде болды. 1954-1962 жылдар арасында қазақ радиосында диктор болды. 1962-1972 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында білім меңгерушісі, 1972-1973 жылы Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып жұмыс істейді.

2-жүргізуші: Ақынның тұңғыш өлеңі 1948 жылы Нарынқол ауданындағы Советтік шекара газетінде жарық көрді.

Мұқағали Мақатаевтың өз даусын тыңдаңыздар «Пай, пай өмір!»

«Арыз жазып кетейін», «Отан туралы» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші:

Пай, пай, киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Тұлпарлар дүбілеп төккен тер,

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер.

Ақынның туған еліне деген махаббатында шек бар ма?! Бізде ақынмен туған жерді жырлайық.

«Үш бақытым», «Елім барда» өлеңдері жатқа оқылады.

1-жүргізуші:

Өлеңдері қандай еді ақынның, Ештеңе жоқ әсем сенің күлкіндей, Бақыттысың сен әрдайым бақытты. Бағалай біл күрсінбей.

«Қарасаз» әні орындалады.

«Көшеде» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші:

Айналайын, Атамекен, Ақ мекен, Қандай қазақ іздеп сені тапты екен? Туған өлке тәтті екен ғой, тәтті екен.

«Мен Таулықпын» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші:

Хас шебердің тұмшалайды даңқын кім?

Кеш түсінді шын бағасын нарқынның,

Қара өлең деп қапа болып көңілің, Осы жолда сан сүріндің, сан тұрдың.

«Ей, өмір» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші:

Қандай ғана анадан туады адам, Сәбилердің ұйқысын қуалаған?!

О, тыныштық! Тыныштық қандай рахат,

Қандай рахат сәбилер жыламаған.

«Тоқта, балам» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Ақын жүрегі нәзік, сезімтал. Кейде өмірден безініп, ол да өзіне сүйеніш, тірек болар адамды іздейді. Кез келген адам ақын жанын түсіне бермейді. Сондай уақытта Мұқағали Фаризаны тапты. Ақын ағамыз қазақтың ақын қызына арнап өлең шығарды. Ақиық ақын Мұқағали жырға қосқан Фариза қыз да қаңтардың қытымыр күндерінде өмірден өтті. Қош алып жүрек қос ақын!

«Фаризаға» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Мұқағали жыры күшті жыр. Сондықтан да, ол — ер ақын, ерен ақын, ерекше ақын. Ер ақын дейтініміз — ол шындықты бүкпесіз бетке айтады. Ерен ақын дейтініміз — сөзі шырайлы, тілі қарапайым, тың өлеңдер жазды. Ерекше ақын дейтініміз — ол ер ақын және ерен ақын болғандықтан ерекше.

2-жүргізуші:

Тірісінде сый көрмей кеткен ақын,
Тек өлген соң атағын жайған ақын.
Ежелден қазақтың бұл қасіреті,
Бармағын тістеп кейін ойланатын.
Күн сүйіп кереқарыс мандайынан,
Лағыл жандар төгілген мандайынан,
Барында бағаламай білдік кейін
Қазақтың айырылғанын қандай ұлдан.

1-жүргізуші:

Алтынға мейлі толмай-ақ қойсын
сандығым,

Ырзамын саған, ырзамын саған,
тағдырым!

Ақынның өз тағдырына деген риза-

шылығы болашаққа деген ұлы сенімінен туындаған болатын.

2-жүргізуші: Қарасаз қара шалғын,
өлеңде өстім,

Жыр жазсам, оған жұртым елеңдестің.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім.

Иә, ақынның өлеңдері, тамаша туындылары біздің жүрегімізде мәңгі сақталып қала бермек.

М. Мақатаевтың «Бақыт деген» әні орындалады.

1-жүргізуші: Осымен бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды.

2-жүргізуші: Қош сау болыңыздар!

А. ИБРАЙМОВА,

Ә. АЙНАКУЛОВА,

М. Мақатаев атындағы №14 орта
мектеп кітапханашылары.

Тараз қаласы,
Жамбыл облысы.

«Қыран... Ол өте биікте салғайды, мына күнәлі топыраққа қонғысы да келеді, қонғысы да келмейді. Егер тартылыс заңы болмаса, сол аспанда қала берер ме еді?..

М. Мақатаев

Мұзбалақ ақын халқымен мәңгі жасайды

Мен жас кезімнен кітапханаға баруды жақсы әдетке айналдырғанмын. Кейде көп уақыт бара алмай қалған кездерім де болды. Есесіне соңғы кездері жиі баратын болып жүрмін. Сондай күндердің бірінде Тараз қаласының Ғани Мұратбаев атындағы кітапханаға бас сұқтым да ұзақ отырып қалдым. Бір кезде біртуар перзентіміз Мұқағали Мақатаевтың кітабын іздеп келген бірнеше білімгер жігіт пен қызды көріп қуандым. Қуандым да ащы да тәтті мұңға баттым. Көзі тірісінде іздемек түгілі жарытып ізет танытпаған кейбір замандастарынан гөрі мұзбалақ Мұқағалиды құрмет тұтып, өзінде, өлеңін де тануға талпынып жүрген жас буынның мұнысы көңілге шуақ сыйлайды.

«Мен жиырма бірінші ғасырдың ақынымын» деп өзі айтқандай, расында да, қайран Мұқаң өзінен кейінгі ұрпақтар мен алдағы ғасырлардың асыл ақыны екен!

Сонымен не керек, кітапханашы Бағира Бұлтанқұлова көп ұзатпай, іздеген кітаптарын тауып берген соң жүздерінде шаттық нұры ойнаған жастарды көріп, олардың Мұқағалимен қоса поэзияға деген құрметтері мен құштарлықтарына іштей риза болдым. Осындай сырт келбеттері сымбатты, ой-саналары сәулелі, жүректері сырлы жас оқырмандарға сүйсіне қарап тұрып: Сендерге Мұқағали аталарыңның білімі мен параса-

тын, даналығы мен даралығын және қарапайымдылығы мен қара нардай төзімділігін берсін деген ізгі тілегімді білдірдім де далаға шығып, барар жеріме беттедім.

«Білетінім әйтеуір бір-ақ нәрсе,

Көшеді өлең немесе өшеді өлең», - деп ақынның өзі жырлағандай, осы сәттен кейін Мұқағалидың өзі де, ерекше есімі де, жасын жырлары да көнермей ілгері қарай көше беретініне тағы да көзім жетті.

Ақиық ақынның Фаризаға арнаған өлеңіндегі:

«Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,

Шаң басқан архивтерден табылармыз», - деген жолдары ойыма орала берді...

Күз мезгілі болатын. Кеш түсіп қалыпты. Сәлден кейін ауа райы күрт өзгерді де күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастады. Сонда мен: - «Мынау Мұқағалидың өзі мен өлең-жырларының көрінісі ғой», - дедім де ой жетегімен алға қарай аяндай бердім. Сонымен қатар, Мұқағалидың табиғатпен, табиғаттың да Мұқағалимен үндес екенін аңғарғандай болдым.

Бұл күн өмірімдегі ұмытылмас сәттердің бірі болып көңіл күнделігіме жазылып қалды.

Бақытжан ӘЛІҚҰЛОВ,
ақын-журналист.
Тараз қаласы.

Жүрегі жыр – Жүмекен

18 сәуір — Халықаралық ескерткіштерді қорғау күніне орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының авторы, ақын Жүмекен Нәжімеденовтің ескерткіші алаңында өткен поэзия кешінің сценарийі

Максаты: ақын Жүмекен Нәжімеденовтың шығармаларын жас оқырмандарға таныстыру, өлең жырларын насихаттау, қаладағы тарихи мұраларды, ескерткіштерді таныстыру.

Көрнекілігі: ақын портреті, ақын туралы қанатты сөздер, «Жүрегі жыр — Жүмекен» кітап көрмесі.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, оқушылар, оқырмандар! «Атырау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» кітапханаларының ұйымдастыруымен өткелі отырған 18 сәуір — Халықаралық ескерткіштерді қорғау күніне орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының авторы, көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Жүмекен Сабырұлы Нәжімеденовтің шығармашылығына арналған «Жүрегі жыр — Жүмекен» поэзия сағатына қош келдіңіздер!

Шарамызды бастамас бұрын ақынды бір минут еске алып, рухына тағзым етейік.

1 минут үнсіздікпен еске алу.

Ескерткішке гүл шоғын қою рәсімі.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Жүмекен Сабырұлы Нәжімеденов — 1935 жылы 28 қарашада Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,

Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде дүниеге келді.

Жүмекен Нәжімеденов туралы «Жүмекен» атты деректі фильм түсірілді, ол туралы зерттеу кітаптар, монографиялар басылды. Ақынның өмірі және шығармашылық жолы туралы «Жүмекеннің жүрегі» деген естелік кітап жарық көрді.

2012 жылы ақынның балалары өмір жолы мен шығармашылығы жан-жақты ақпаратпен қамтылған «zhumeken.kz» деген сайт ашты.

2015 жылы ақынның жары Нәсіп Мұстахқызының «Жүмекен-құдірет» атты естелік кітабы жарық көрді.

Жүмекен Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» өлеңі әнұран ретінде 2006 жылы Президентті ұлықтау салтанатында орындалды. Бұл шығарма 1956 жылы жазылған болатын. Біздің жерлесіміз қысқа ғұмырында көптеген тандаулы шығармаларын мұраға қалдырды. Ол небәрі 48 жыл ғұмыр кешсе де, поэзиялық және прозалық шығармалары қазақ әдебиетінің тарихынан ойып тұрып, өз орнын алды. Әнұранымызға айналған әннің тарихына қысқаша тоқталып өтсек.

Сол бір Желтоқсанның қара бұлтты, қаһарлы күндерінде Алматы көшелерінде лек-легімен шеру тартқан қа-

зақ жастары бір асқақ әнді аспандата шырқап еді. Шырқап бара жатып жылап еді. Ол — менің Қазақстаным!

Әр азамат қазіргі Әнұранды айтқанда айбаттанып, сайын даланың құрық көрмеген жал-құйрығы төгілген шу асауын құрықтағандай ерекше рухтанып кетеді. Ұлттың уысына мұз қатқанда жас қазақтар «Менің Қазақстанымды» айтып жігер жылытты. Қазақ ұлты қалғып бара жатқан тұстарда ұлт түйсігін «Менің Қазақстаным» түртіп оятты. Бұл — бетон қабырғалы кеңселердің керегесін сетінетіп, қызыл матаға оранған уықтарды бырт-бырт сындырып шығып, бетін күн қақтаған қазақ ұланының таңдайына қонақтаған қасиетті әуен. Ойдағы-қырдағы қазақ бауырлардың жүрегінен ағып шыққан Шәмші мен Жүмекен жылғасы тасқындап келіп Алаңда ақтарылып түсті. Қазақты жылатқан да, жұбатқан да — Шәмші мен Жүмекен. Желтоқсан жақындаған сайын жүрегің әлсін-әлсін ыршып түседі. Құлағыңа күмбірлеген күй құйылады, ол — «Сарыарқа». Жүрегіңе ғажайып жыр құйылады, ол — «Менің Қазақстаным!» Соттың үкімін қасқайып тыңдап тұрған қаһарман Қайрат Рысқұлбеков бастаған төрт оғыланның әйгілі суреті жадыңызда шығар, ұлық оқырман! Байқадыңыз ба, өлім жазасына қатысты үкімді оқып тұрған мантияның астындағы сұлбаны жанардан ысырып қойып, төртеуі «Менің Қазақстанымды» айтып тұр. Қандай ғажап!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының сөзін жазғандар — Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан

Назарбаев, әнін жазған — Шәмші Қалдаяқов.

Ақынның есімімен туған ауданында ауыл, орта мектеп және Атырау қаласындағы мектеп аталды. Астана, Алматы, Атырау қалаларында ақынға көше аты берілді.

Кейін қаламыздағы №2 мектепке есімі берілді. Және сол мектептің алдында қаламгердің ескерткіш-мүсіні ашылды, өзі туған ауылда Ж.Нәжімеденовке мүсін орнатылды. Ал, мына біз тұрған қола мүсінді еңселі ескерткіш 2015 жылы бой көтерген еді. Ақынның төртметрлік мүсіні биіктігі осындай гранит тұғырға қондырылды. Авторы — мүсінші Нұрлан Далбай.

«Ақын өз ескерткішін өзі жасайды, халқы оны тек қана орнатады» деген сөз бар. Жүмекен ақын шығармашылығымен өз ескерткішін көзінің тірісінде-ақ жасап кеткен. Ал, халық ескерткішті орнатып қана отыр.

«Қазақстан» әні орындалады.

Жүргізуші: Жүмекен ақынның жыр әлемі — қазақ өлеңінің ХХ ғасырдың қуаты мен нұры, салмағы мен сыры. Ақын жүрегінен сығылып шыққан арыны бөлек өлең-ағыс қазақ поэзиясындағы қалыпты арналарды бұзып өтіп, бағытын өзгеше бетке салды.

Қоңыр жырым бар еді, кешкіғұрым мәз боп оқыр ақын ем ескі жырын — қолға алып ем, көк аспан бетіндегі іріп кетті қоңыр бұлт секілденіп.

Бала қазым бар еді көлде момын, көрмегенім жақсы еді, келмегенім: бұғып жатқан бір жауыз мылтық атты — қоңыр қаздың мамығын бұрқыратты.

Бұдан артық жаныңа батырар кім,
сәл шыдай тұр, мен де бір қатырар-
мын:

Қоңыр қаздың мамығын жастық
етіп,

қоңыр-қоңыр ой ойлап жатып ал-
дым...

Бүгінгі кешіміз өзіне ғана жарасар,
қайталанбас өлең өрімімен, ойлы бі-
тімімен, парасат түйінімен қазақ жы-
рының көк жиегін кеңейтуге өлшеусіз
үлес қосқан Жүмекен ақынды шына-
йы жырсыүйер қауымға өлеңдерімен
таныстырудағы ой еді. Ендеше, ақын
жырларын оқитын оқушыларды қо-
шеметпен ортаға шақырайық.

1. Төленді Аяна «Қошалақ»;
2. Төленді Аяна «Ұстаз»;
3. Мағзом Жанэль «Қыз құйған
шай»;
4. Мұратқызы Ару «Ей, жас өмір»;
5. Қайроллақызы Дана «Жыр келеді
жырды аттап».

Музыкалық номер:

*Халық әні, терме «Желкілдек». Алда-
рыңызда И. Тайманов атындағы орта
мектептің 5-сынып оқушысы Майлы-
баева Нұрай.*

Жүргізуші:

Жүмекен ақын қалам ұстаған тұтас
бір кезеңнің оза шапқан жүйріктері
мен дүлдүлдеріне тән мінез еді.

Жыңғылынды көлеңкелеп көз іл-
дім,

Көз ілдім мен төсегінде сезімнің.

Саған тартқан өз ұлыңмын. Өзіңмін

Тұла бойым тұтас құйған төзіммін!
— деп оқырман ойы мен сезімін қым-
қуат әрекетке жетелер таза, саф өлең-
нің табиғатына сүйсінбей көріңіз. Әрі

қарапайым, әрі ойнақы, әрі ойлы, са-
ликалы, салмақты жолдар ақынның
кіндік қаны тамған жер «Қошалақ»
атымен аталады. Туған жер! Кез келген
жұмыр басты пенденің жүрегіне жылы
естеліктер, бойына махаббат пен се-
зімнің ұлы құдіретін, киесін жинаған
осы бір мәңгілік ұғымға ат басын бұр-
маған, төгіліп, егілмеген қазақ ақыны
жоқ шығар. Сол сияқты ақын Жүме-
кен де өзінің туған жерге деген ыстық
ықыласын өз өлеңдері арқылы бере
білді. Ақынның туған жерге арналған
өлеңдерін оқу үшін қошеметпен орта-
ға оқушыларды шақырайық.

1. Нұрайхан Рахманова «Қошалақ»;
2. Нығмет Аягөз «Туған жер»;
3. Саламатқызы Гүлдана «Жұмса-
мандар, достарым, дәрігерге».

*Амангелді атындағы орта мектебінің
4 сынып оқушысы Абат Айзеренің орын-
дауында «Отан» әнін қабыл алыңыздар.
Қошеметтеріңіз!*

Жүргізуші: Жүмекен поэзиясы —
біздің ұлттық мақтанышымыз, біздің
енді ашылар алтын сандығымыздың
бірі. Ешкімге ұқсамайтын ақынның
әрбір шумағы — тың қазыналар, - деп
ақын Әбділда Тәжібаев баға берген
екен. Өз өлеңіне ұрпағын тәрбиелеп,
өсіру үшін табанынан тозып, танды
кешке ұрып, төзімін уақытқа шында-
тар ата-анадай қараған, күйінген, сү-
йінген ақынның бағы жанбай қалмай-
ды. Жазғанын осылай аялағанда ғана
ақынның айтқаны жүректерге жетеді,
халқының құрметіне бөленеді. Осын-
дай ұлы тұлғаларға ғана тән кескін,
кейпін көргендей боламыз.

Қонақтарға сөз беру.

Жүргізуші:

Бір бүйірде қызса деп ем өлеңім,

Бір ұйқыны бұзса деп ем өлеңім.

Ақылдыға қайғы алдырсам деп едім,

Ақымақты ойландырсам деп едім.

Қарсы біткен түк сықылды мақпал-ға,

Ажарынды бұздым жанға батқанда,

Ей, өлеңім,

Қараулардан алыс бол,

Қайғысызға, қанша оқысын, жатталма! - деп өз өмірінің нүктесін өзі қойған ақынның ӨЗІ жоқ. Бірақ төрде Жүмекеннің өзіндей, дүниеге мейірімінің тарқамас шуағын сеуіп қарайтын көзіндей болып елімен бірге жасар өлеңі отыр. Қазақ өлеңінің мерейін аспандатар сол қуатты жырға саулық,

амандық тілейік, құрметті оқырман!

Осындай жан дүниемізді байытатын, рухани байлығымызды кеңейтетін поэзия жыр Жүмекеннің өнегелі өмірі, айтқан өсиеттері арқылы жас ұрпақ елін сүйуге, үлгілі азамат болуға ұмтылады деген үмітпен бүгінгі кешімізді аяқтаймыз. Жүмекен-жыр әр қазақтың жүрегінде жасасын!

Гүлжан Орынғалиқызы

СҮНДЕТОВА,

«Атырау қалалық

орталықтандырылған кітапханалар

жүйесі» КММ кітапхананы дамыту,

әдістемелік жұмыс бөлімінің

менгерушісі.

Атырау қаласы.

Дәулеткерей Шығайұлы

Мақсаты: Қазақтың ұлы композиторы әрі күйшісі Дәулеткерей Шығайұлының өмірі мен күйлерін оқушыларға әңгімелеп, «Қосалқа» күйінің қалай шыққандығын айтып, күйді тыңдату. «Қосалқа» күйінің қыз-келіншіктерге арналып шығарылғандығын ескере отырып, аналар мерекесі қарсаңында Сауранбек Елеуовтың «Апатайым-анашым» әнін үйрену. Әннің мазмұнын оқушыларға түсіндіріп маңызын ашу. Оқушыларға музыка сауаты бөлімінен до мажор гаммасы және до мажордың тұрақты дыбыстарын киіз үйдің макеті құрлысына сәйкестіріп түсінді-

ру. Балғын шәкірттердің қиял-ойларын дамыту үшін «Домбыра» ребусын шешкізу. Балаларды ән-күйге баулып, халқымыздың өнер туралы мақал-мәтелдерімен таныстыру.

Сабактың білімділігі: Оқушыларға композитор-күйшінің өмір жолымен оны күйшілік өнерге баулыған күйші ұстаздары жөнінде әңгімелеп, Дәулеткерей Шығайұлының шығарған күйлерінің адам баласын айырықша талғаммен, ерекше сұлулыққа тәрбиелейтіндігін айту. Оның күйлерінде табиғаттың сыршыл сезімі, әсем сазы бар екендігін айту керек. Ұлы

күйшінің қиын заман қасіретіне тап болған момын халқын домбырасымен жұбатқандығын басты назарда ұстаған жөн. Күйші атамyzдың күйін балаларға тыңдату арқылы балаларды өнерге баулу, білімді адам болып шығуларына бағыт-бағдар беру.

Сабақтың дамытушылығы: Балаларға күй тыңдату арқылы олардың есту, қабылдау қабілеттерін байқап дамыту. Оқушыларға музыка сауатын түсіндіре отырып, олардың музыкалық білімдерін дамыту. Шәкірттерге киіз үй керегесінде қазақтың киелі аспабы домбыра ілініп тұратындығын әңгімелеу. Оқушыларға «Апатайым-анашым» әнін үйрете отырып, оның дамытушылық жағынан сөз қозғасақ, өсіп келе жатқан балаларды ананы құрметтеуге, сыйлауға қадірлеуге үйрету. Өнер туралы мақал-мәтелдер арқылы оқушылардың мәнерлеп айтуын дамыту.

Сабақтың тәрбиелілігі: Музыка сабағының күй тыңдау, ән үйрету, мақал мәтелдер айту, музыка сауаты бөлімдерін, т.б. бөлімдерін пайдалана отырып, балалардың өнерлі де тәрбиелі адам болып шығуына үлес қосу. Шәкірттерден Егеменді мемлекетіміздің ұлттық санасы қалыптасқан мәдениетті, өзіндік ойы бар өркениетті патриоттық сезімі бар тәрбиелі азамат қалыптастыру.

Көрнекілігі: Дәулеткерей Шығайұлының портреті, домбыра, музыка сауатына қолданатын киіз үйдің композициялық суреті, өнер жөнінде жазылған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер жазылған қағаздар, плакаттар сырнай, тақта.

Оқушылар сабаққа «Балдырғандар маршы» әнінің әуенімен кіреді. Дәулеткерей Шығайұлының өмірімен танысу. «Қосалқа» күйін тыңдау. Жаңа ән үйреніп, музыка сауатына тоқталу. Өнер жайында мақал-мәтелдер айту.

Балалар сыныпқа Бисенғали Ғизатовтың «Балдырғандар маршы» әнінің әуенімен кіреді.

Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу. Ұйымдастыру кезеңінің сұрақ-жауаптары.

Мұғалімнің сұрағы: Балалар, біз сыныпқа қандай әннің әуенімен кірдік? Бұл әннің композиторы кім?

Оқушының жауабы: Біз сыныпқа Бисенғали Ғизатовтың «Балдырғандар маршы» әнінің әуенімен кірдік.

Мұғалім: Балалар! Қазақтың күйші-композиторларынан кімдерді білесіңдер?

Оқушы немесе оқушылар: Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Махамбет, Тәттімбет, т.б.

Мұғалім: Оқушылар, дұрыс айтасыздар.

- Балалар, енді біздің бүгінгі жаңа тақырыбымызға келейік. Біздің бүгінгі өтетін жаңа тақырыбымыз: Дәулеткерей Шығайұлы. Біз ұлы күйші-композитор Дәулеткерей Шығайұлының өмірімен, оны күйшілік өнерге баулыған күйшілердің есімдерімен танысамыз. Дәулеткерейдің өзі шығарған күйлерімен танысып, «Қосалқа» күйін тыңдаймыз. Тақтадағы сабақ жоспарында көрсетілгендей ән үйренеміз, музыка сауатына тоқталып, ребус шешеміз, өнер туралы мақал-мәтелдер айтамыз.

1. Дәулеткерей Шығайұлының өмірі мен күйлері.

Дәулеткерей Шығайұлы қазақтың аспаптық музыкасында лирикалық күйлер бағытын қалаған қазақтың ұлы композиторларының бірі. Дәулеткерей Шығайұлы 1820 жылы бұрынғы Бөкей ордасының Қарамола деген жерінде дүниеге келді. Дәулеткерей негізінен байдың баласы, бірақ ол кедей балаларымен бірге жүрген, дос болған. Дәулеткерейдің домбырашылық өнерінің қалыптасуына атақты Мүсірәлі домбырашы ықпал жасайды. Ол Соқыр Есжан, Байжұма, Мүсірәлі сияқты күйші-домбырашылардың күйлерін жастайынан жаттап өсті. Дәулеткерейдің алғашқы шығарған күйлері «Қызақ желең», «Қосалқа». Дәулеткерей күйлері адам баласын үлкен талғам мен сұлулыққа, табиғаттың сыршыл сезімі мен әсем сазын ұғынуға тәрбиелейді. Дәулеткерейдің күйлері: «Қосалқа» (3 нұсқасы бар), «Қарақожа», «Құдаша», «Қыз ақжелең» (3), «Мұнды қыз», «Көркем ханым», «Жігер», «Жұмабике», «Ақбала қыз», «Қос ішек», «Бұлбұл» (2), «Байжұма», т.б.

Ұлы композитор, әрі күйші Дәулеткерей Шығайұлы 1887 жылы өз ата қонысында қайтыс болды.

2. Күй тыңдау. Дәулеткерей «Қосалқа».

«Қосалқа» күйі Дәулеткерей шығармашылығының бастапқы кезеңіне жатады. Оның әуені жүргенде аяқты басуға орай тербелген қос сырғаны еске түсіреді. Композитор күйінде алқасы теңселіп, су әкеле жатқан қыздың

кейіпін суреттеп, тыңдаушыға жеткізе білген. Қазақ музыкасын зерттеуші А. Затаевич «Қосалқа» күйін «үнсіз айтылатын ән» деп бағалаған. Балалар енді осы күйді тыңдап көрелік. Күйді мұқият тыныш отырып тыңдаймыз. (Күйді тыңдап болған соң, оқушылардың күйден алған әсерлерін байқап білген дұрыс).

Мұғалімнің сұрағы: Оқушылар, күйден қандай әсер алдыңдар? Күй сендерге ұнады ма?

Оқушылардың жауабы: Күйден жағымды әсер алдық, бізге ұнады.

Мұғалім: Балалар, күйдің екпіні (темпі) қандай деп ойлайсыңдар? Күйдің екпіні жай ма, орташа ма, тез бе?

Оқушылар: Күйдің екпіні орташа деп ойлаймыз.

3. Музыка сауаты. До мажор гаммасы және до мажордың тұрақты дыбыстары.

- Балалар! Біз ән сабағымыздың музыка сауаты бөлімін әңгімелемес бұрын, мен сіздерге өлең ән туралы аңыз әңгіме айтып берейін. Қанекей, балалар, аңызды бар зейінімізді қойып тыңдайық.

Ерте заманда, ешкі құйрығы келте заманда жер бетін мекендеген халықтардың ешқайсысы ән дегеннің не екенін білмепті. Өлеңсіз өмір тұл: қасиетті өлеңнің сарынын естіп көрмеген адамзат күлкісіз, қуанышсыз күн кешіпті. Ол кездерде жиын-той, ойынасауық деген болмапты. Жұрттың бәрі тұнжырап жүреді екен. Бір рет көңілін мұң қасірет шалған адам, бір рет қасіреттің дәмін татқан адам сол мұңлы қасіретті күйінде өмірден өксіп өтеді

екен, өйткені ол кезде қасиетті өлең жер бетінен аулақта жүрген екен.

Ол заманда жиегін көгал көмкерген қиыршық малта тасты қайнардан шыққан су бойлай ақса да бұлақ сылдырламапты, самал жел соққанда тоғай сыбдырламапты, көкжиектен құлан иектеніп даланың әсем таңы атқанда бозторғайлар шырылдамапты: бүкіл даланы басқан өлі тыныштықты тек гулеген жел ғана бұзады екен, өйткені ол заманда құдіретті өлең әлі көкте екен.

Ақыры, күндердің бір күні сырлы өлең, сұлу өлең, қасиетті құдіретті өлең, әлде жеті қат көктің ең биігінде тұра беруден жалықты ма, кең даланың үстіне төңкерілген көк күмбездің аясында сайран салғысы келді ме немесе қуаныш, сүйеніштен ада, көңілдерін кір басқан сорлы адамзатқа жаны ашып, бір қайырымдылық жасайын деді ме, әйтеуір өзінің ежелгі мекенін тастап, әлемнің төрт бұрышын түгел араламақ болып сапарға шығыпты. Өлең өзінің көңіл-күйіне қарай кейде жерге жақындап ұшады, кейде қыран қалықтар биікте, ал кейде тіпті жоғарыда шарықтайды екен. Өлең жерге жақындап ұшқанда сол маңайды мекендеген елге оның бар сазы, бар сарыны, әні, күйі, жыры тегіс анық естіледі екен де, жұрт қолма-қол қағып алып үйрене қояды екен. Өлең биігірек ұшқан жерлерді мекендегендер де жырдың мән-мағынасын біршама ұғып үлгеріпті. Ал өлең тіпті шырқап жоғары ұшқан жерлерге оның сарыны жетпей, ол жерді мекендеген халықтар ән-күйден, жырдан мүлде мақрұм қалған екен.

Өлең қазақ даласының үстімен жер бауырлап өтіпті дейді, қазақтың ақындығының әнші-күйшілігінің сыры осында көрінеді.

- Балалар, өздерің аңыз әңгімеден байқап отырғандай, қазақ халқы ән айту, күй тарту өнеріне, өз ойларынан өлеңдер шығарып сайысқа түсуге қабілетті болған.

Бұрын қазақтың ән-күйі киіз үйлердің ішінде, түрлі жәрменкелерде, жайлауларда, көгалда орындалатын болған. Өнерлі халық әндер мен күйлерді естіп, есте сақтау, көру қабілеттері арқылы, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жалғастырған. Қазақтың өнерлі ұл-қыздары әнші-күйші, ақындардың өнерін киіз үйге сыймай қалған жағдайда киіз үйдің керегелерінің тесіктерінен қарайтын болған.

Замана ағымының даму кезеңіне байланысты бертін келе нота жазу сауаты пайда болды.

Бүгінгі біздің танысатын музыка сауатымыз до мажор гаммасы және оның тұрақты дыбыстары.

До мажордың скрипка кілтінде ешқандай белгісі кездеспейді.

Тақтада көрсетіліп отырған киіз үйдің құрылымы сияқты, до мажор гаммасының дыбыстары төменнен жоғары қарай және жоғарыдан төмен қарай жүреді. Бұл ноталар күйсандық басқыштарының суретімен бейнеленіп, нота желісінің 1-октавасында орналасады. До мажордың тұрақты дыбыстары до, ми, соль, басты дыбыстары до, ми, соль. Т тоника, фа, ля, до. S субдоминанта, соль, си, ре Д доминанта деп аталады.

4. Ребус шешу. «Домбыра».

- Оқушылар, өздеріңіз мына киіз үйдің суретінен көріп отырғандай, қазақтың домбыра аспабы киіз үйдің төрінде керегеде ілініп тұратын болған.

Енді бір кезек ойымызды ребус шешуге бөлейік. Ол үшін нота желісінде орналасқан ноталар, әріп суреттерге және нүкте, үтір белгілеріне мән бере отырып ребус шешіп көрелік.

Нота желісіндегі «до» дыбысын соль күйінде қалдырамыз, «ми» нотасының «м» дыбысын қалдырып, «и» әріпін үтір арқылы алып тастаймыз, жоғарыда көрсетілген күйсандық басқышының басты әріпі «б» әріпін қалдырамыз, оған ыдыс суретінің бірінші «ы» әріпін қосып, «дыс» дыбыстарын екі нүкте бір үтір белгілері арқылы алып тастаймыз, жоғарыда көрсетілген күйсандық басқышының басты әріпі «б» әріпін қалдырамыз, оған ыдыс суретінің бірінші «ы» әріпін қосып, “дыс” дыбыстарын екі нүкте бір үтір белгілері арқылы алып тастаймыз.

Ре нотасының «р» дыбысын қалдырып оның «е» әріпін үтір арқылы алып тастаймыз да содан кейінгі фа нотасының алдыңғы «фа» дыбысын алып тастап «р» әріпіне қалған «а» әріпін қосамыз, сонда ребустың төмендегідей жауабы шығады.

Жауабы немесе ребустың шешуі: «Домбыра».

5. Дауыс шынықтыру: Лё, лё, лё...

Дауысты до мажордың тұрақты дыбыстары до, ми, соль, до ноталарын лё, лё, лё дыбыстарымен шынықтырып жаттығамыз.

Лё, лё, лё дыбыстары ноталардың орналасу тәртібі сияқты төмен жоғары және жоғары төмен жүреді. Дауысты шынықтырған кезде денемізді тік, кеудемізді көтеріңкі, иегімізді сәл жоғары ұстап лё, лё, лё дыбыстарын үзбей айтамыз. Бұдан басқа дауысты ма, ми, а дыбыстарына да шынықтыруға болады.

6. Ән Сауранбек Елеуовтың «Апатайым — анашым» әнін үйрену.

«Апатайым — анашым» әнінің сөзін жазған Әнуарбек Дүйсенбиев, музыкасын жазған Сауранбек Елеуов.

Композитор Сауранбек Елеуов ағаларың 1955 жылы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында туып өскен. Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының түлегі. 1979 жылдан бастап ән жазумен шұғылданған ол қазір 50-ге жуық әндердің авторы, олар республикалық және облыстық радиодан жиі орындалады.

«Апатайым — анашым» әні ре минор тональдігінде жазылған, кілтте си б (бемоль) белгісі бар. Ән өлшемі 2 де 4 (), орташа екпінде орындалады.

Әннің куплеттерінің әрбір төртінші жолдарын көтеріп айту арқылы әннің қайырмасына түсіп отырамыз. «Апатайым-анашым» әнінің қайырмасы екі рет қайталанып айтылады.

Мен сіздерге осы әнді бір-екі рет айтып көрсетейін, содан соң әнді бәріміз болып үйренеміз.

Ән айтқан кезде қолымызды тіземіздің үстіне қойып, дауыс шынықтыру кезіндегі барлық заңдылықтарды сақтаймыз.

- Ендеше, әнді үйренуге кіріселік.

7. Өнер жайында мақал-мәтелдер айту.

- Балалар! Ұлы ойшыл, батагөй ақын, дәулескер күйші, келер күнді болжайтын көріпкел бақсысы Қорқыт аталарың «Өнер — мәңгілік» - деді.

- Балалар, сендер өнер жайлы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер, канекей, кім айтады?

1-оқушы: Өнер алды қызыл тіл.

2-оқушы: Өнер — бұлақ, білім — шырақ.

3-оқушы: Өнерлі өрге жүзеді.

4-оқушы: Өнер — ердің қанаты.

5-оқушы: Өнерлінің өрісі ұзақ.

6-оқушы:

Ақыл көпке жеткізеді

Өнер көкке жеткізеді.

7-оқушы:

Өнер — ағып жатқан бұлақ,
Ілім — жанып тұрған шырақ.

8-оқушы:

Өнер — таусылмас азық,
Жұтамас байлық.

9-оқушы:

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар

10-оқушы:

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын,
Өнерлі бала сүйкімді

Қорытындылау.

М. ДАУЫЛБАЕВ,
«Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы» АҚ «Атырау
облысы бойынша Кәсіби даму
институты» филиалының
музыка пәні әдіскері
Атырау қаласы.

«Әлия – дастан» патриоттық бағдарламасы

2024 жылы Әлия Молдағұлованың ерлікпен қаза тапқанына 80 жыл.

2025 жылы Ә. Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай.

Бағдарлама бағыттары:

1. «Ұлттық мүдде»

Мақсаты: Отанға рационалды және эмоционалды көзқарасы бар патриотпен азаматты қалыптастыру, қоғам игілігі үшін адал қызмет ету және еліміздің ұлы қайраткерлерін дәріптеу.

Нәтижесі: Әр адамның өз отбасына және қоршаған ортаға деген құрметі,

елін жерін сүйу, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, халқына адал қызмет ету, адамзатқа пайдасын тигізу, еңбекқорлық, оқуға деген ұмтылысы болады.

2. «Ар ұят»

Мақсаты: Адамның рухани-адамгершілік және тұлғаның этикалық қағидаттарын, оның жалпыадамзат-

тық құндылықтарына, қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін қасиеттері мен көзқарастарын терең түсінуді қалыптастыру, тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануы.

Нәтижесі: Халыққа адал қызмет ету, адамзатқа пайдасын тигізу, еңбекқорлық, оқуға деген ұмтылыс, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтықты және патриотизмді ерте тәрбиелеу.

3. «Талап»

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі тануға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін насихаттау, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту.

Нәтижесі: Өз уақытын дұрыс және тиімді жоспарлау, қаржылық сауаттылық, шешім қабылдау, мақсатты іс-әрекет жасау дағдыларын дамыту, сондай-ақ адамды тұлға ретінде қалыптастыру, оның өзін-өзі тануы.

«Әлия — дастан» патриоттық бағдарламасының негізі:

Өнеге етіп ұстар тұтқасы, алатын жолы, ерлігімен қазақ халқының даңқын әлемге жайған шығыстың шынары Ә. Молдағұлованың адамгершілік пен отаншылдық ерлігі.

Бағдарламаның мақсаты:

Өсер елдің аңызға айналған ел тұлғаларын тану — өз Отанын сүйуге, ұлы өнегеге айналдырған Ә. Молдағұлованың екінші дүниежүзілік соғыс тұсында — Кеңес Одағы үшін Ұлы Отан соғысындағы теңдесі жоқ ерлігі, қай-

сарлық өнегесін көрсеткені туралы, материалдармен таныстыру. Әлия есімін ұлттық мақтанышқа айналдырып, ұлттық өнегенің өшпес жәдігері деп танитын ұрпақтарға үлгі етіп ұсыну.

Бағдарлама міндеттері:

Тәрбиеленушілердің азаматтық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуын және оның батырлық, ерлік, патриоттық рухын дамыту. Тәрбиеленушілерді өжет, пысық, қорықпайтын, қиын жағдайда саспайтын, ақылға сала әрекет жасайтын, халық ісі үшін батыл қимылдайтын, көппен бірге болатын және онымен бірлесе жұмыс істейтін турашыл да әділ табанды да ержүрек, алдына қойған мақсатына жету жолында тәуекел етіп іске кірісетін тұлға ретінде тәрбиелеуге жағдай жасау.

Бағдарламаның негізгі шығармашылық бағыттары:

1. Әлия мектебі:

Халқымыздың ерлік тарихын, соғыс және бейбітшілік туралы теориялар мен осы ғасырда болып өткен соғыстың сипатымен таныстыру.

2. Мен Қазақстан Республикасына қызмет етемін:

Болашақ әскери өмірге үйрету. Әскери ойындар ойнау, жарыстар, әскери бөлімшелерге саяхат жасау, «Айбын» әскери патриоттық бағдарламасы, Алғашқы әскери және технологиясы дайындық пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері мен әдістерімен танысу.

3. «Әлия — тарихымыз өшпес мәңгі»

Мектеп-интернат-колледж кітапханасында бұрыш жасау.

4. Менің мектебім Әлия Молдағұлова атында:

Мектеп-интернат-колледждің оқушылары мен студенттерінің спорттағы және оқудағы жетістіктері. Стенд, қабырға газеттерін шығару.

5. Әлия ерлігі ғасырлар бойы жырланады:

Ерлік оқу сабақтары, Ә. Молдағұлованың өмірі мен ерлігі туралы әңгіме, шығармалар, эссе, өлеңдер жазу.

6. «Әлия — дара тұлға, ғасыр аруы»

Төмендегі тақырыптар бойынша тәрбие сағаттары, пікірталас, кештер, дәрістер, бейнеролик, члендждер өткізу:

1. «Ерлігімен елдің атын шығарған»;
2. «Ғасырға бергісіз он тоғыз жас»;
3. «Әлия болған жерлерде»;
4. «Қаһарман қыз — Әлия»;
5. «Қызы батыр ел — ұлы ел»;
6. «Намыс отымен шындалған қазақ қызы»;
7. «Батырдың аты мәңгілік»;
8. «Отты жылдар аруы»;
9. «Әлия — бәрімізге ортақ тұлға»;
10. «Батырдың өзі өлсе де, аты өлмейді»;
11. «Шығыс шынары»;
12. «Өшпес ерлік»;
13. «Әлия — мақтанышы сен, халқымның»;
14. «Ерлікке тағзым»;
15. «Мерген ару»;
16. «Ару қыз, ержүрек қыз — Әлия қыз»;
17. «Шоқтай жанған жүрек»;
18. «Әлия батыр қызы сен халқымның»;

19. «Әлия — бейнесі бізге үлгі»;

20. «Біз — бейбіт ел ұланымыз»;

21. «Әлия — соғыс құрбаны»;

22. «Батырдың ғұмыры қысқа, даңқы ұзақ».

7. «Жүректе қалған отты жылдар әуені»

«Отты жылдар әуені» атты тақырыпта патриоттық әндер бойынша сыныптар, бөлімдер арасында жарыстар ұйымдастыру.

8. «Әлия туған жерінде»

Батырлар мекені Кобда ауданы «Әлия» патриоттық тәрбие беру орталығы, ардагерлермен, мектептермен, мұражайлармен байланыс жасау (мектеп-интернат-колледж түлектері арқылы, хат арқылы, онлайн кездесулер, т.б.)

9. «Аңызға айналған ару»

Деректі шығармалар, өлеңдер, поэмалар жинағымен таныстыру.

Деректі шығармалар:

1. Жұмақанов Жекен «Әлия Молдағұлова». — Алматы, «Жазушы», 1965;
2. «Қаһарман қыздар». — Алматы, 1965;
3. «Они сражались за Родину». — М., 1964;
4. «Есімде қанды майдан жорықтар». — Алматы, «Қазақстан», 1968;
5. «Совет Одағының қазақстандық батырлары». — Алматы, 1969;
6. Семен Синицки «Белые ночи». — Л. «Лениздат», 1971;
7. «Героини». — М. «Политиздат», 1972;
8. «Қаһарман». — Алматы, «Жазушы», 1975;
9. Никифорова Екатерина «Снай-

перы». — М. «Молодая гвардия», 1976;

10. «Арулар отты жылдарда». — Алматы. «Қазақстан», 1975;

11. Асқаров Сейілхан. «Әлия». — Алматы, «Жалын», 1985;

12. Никифорова Екатерина «Рожденная войной». — М. «Молодая гвардия», 1976;

13. «Өшпес даңқ». — Алматы. «Жазушы», 1985;

14. «Әлия жүрегі» (құрастырған Зияш Төлеуова). — Ақтөбе, 1992;

15. «Алия — наша гордость». — Алматы, 2000;

16. Ұзақбаев Қауыз. «Әлия ғасыр аруы». — Алматы, 2000;

17. Ұзақбаев Қауыз. «Аңызға айналған арулар». — Ақтөбе, 2001;

18. «Девушки ставшие легендами». — Ақтөбе, 2003.

Поэмалар:

1. Хелемский Яков «Әлия жүрегі»;

2. Сатыбалдин Қапан «Әлия»;

3. Жиенбаев Сағи «Әлия»;

4. Молдағалиев Тұманбай «Әлия әпке»;

5. Оңғарсынова Фариза «Тірілер, тыңдаңыздар»;

6. Ашықпаев Ертай «Гүл ғұмыр»;

7. Деркаченко Константин «Здравствуй, Алия»;

8. Трафимов Роман «Алия»;

9. «Алия, Маншук» Әлия туралы поэмалар мен өлеңдер (орыс тіліне аударған Амантай Өтегенов);

10. Аймағанова Гүлсамал «Қызғалдақ ғұмыр».

Повестер:

1. Жұмаханов Жәкен «Әлия Молдағұлова»;

2. Нурмаханова Әзиза «Шығыс шынары»;

3. Оралбай Әмір «Әлия».

«Қайсар қызы халқымның»

Мектеп-интернат-колледж студенттері мен оқушылар арасында оқушылар сайысын өткізу.

Өлеңдер:

1. Аманжолов Қасым «Әлия қыз»;

2. Хакімжанова Мәриям «Батыр қыз»;

3. Бердияров Тоқаш «Әлия»;

4. Мәуленов Сырбай «Әлия мектебінде»;

5. Молдағалиев Жұбан «Әлия»;

6. Бұғыбаева Қанипа «Батыр қызға»;

7. Серікбаев Байбота, Роза Рымбаева «Әлия»;

8. Құрманалин Мұхтар «Әлия ескерткіші жанында»;

9. Жаксылық Айжанов «Әлия даңғылымен қоштасу»;

10. Жанна Елеусізова «Әлия туралы жыр»;

11. Сағындық Ниянқұлов «Әлия туралы жыр».

Музейлер:

1. Әлия атындағы музей. Әлпайсай ауылы, Кобда ауданы, Ақтөбе облысы;

2. Әлия Молдағұлованың мемориалдық музейі. Ақтөбе қаласы;

3. Мәскеу қаласының Перов ауданындағы Ә. Молдағұлова атындағы орта мектептегі музей;

4. Мәскеу қаласындағы №73 орта мектептегі музей;

5. Санкт-Петербург қаласындағы №140 орта мектептегі музей;

6. Новосибирск қаласындағы №63 техникалық училище музейі;

7. Псков облысы Новосokolьники қаласындағы орта мектептегі музей;

8. Псков облысы Новосokolьники ауданының Насва селосындағы музей.

«Ерлігімен аты шықты әр елге.

Көшелер:

1. Ақтөбе қаласындағы Ә. Молдағұлова даңғылы;

2. Алматы қаласындағы Ә. Молдағұлова көшесі;

3. Мәскеу қаласындағы Ә. Молдағұлова даңғылы;

4. Санкт-Петербург қаласындағы Ә. Молдағұлова көшесі;

5. Атырау қаласындағы Ә. Молдағұлова көшесі.

Осы шығармалар төңірегінде оқушы студенттермен конференциялар өткізу.

12. «Әлия — өмірі ерліктерден құралған»

Оқушылармен Әлия ерлігі туралы кинофильмдер, деректі фильмдерді көру.

1. «Мергендер», 2 сериялы Болат Шамшиев;

2. «Бұлақтан Псковке дейін» деректі фильм;

3. «Батыр қызы — сен халқымның» театрлық көрініс;

4. «Өшпес із қалдырған» 1968 жыл деректі фильм;

5. «Әлия» С. Асқаров пен Пискунов;

6. «Әлия туралы толғаныс» деректі фильм;

7. «Әлия батыр» театрлық қойылымы;

8. «Бросов в бессмертие» деректі фильм Л. Толочков.

13. Әлияны халық әнмен әлпештейді

Мектеп-интернат-колледж студенттері мен оқушылары арасында Әлияға арналған әндер арасында ән кешін өткізу.

Әндер:

1. «Әлия», Бәкір Тәжібаев, Сейдолла Бәйтереков;

2. «Әлия — ән», Сақтаған Жұмағұлов, Амангелді Сәндібаев;

3. «Он тоғыз жас» Ертай Ашықбаев, Бақтығали Жумалин;

4. «Песни матери Хобды», Амантай Өтегенов, Владимир Семченков;

5. «Ару қыз, ержүрек қыз, Әлия қыз», Қайырғали Қожанбаев;

6. «Сағыныш», Гүлсамал Аймаханова;

7. «Қазақ қызы», Исраил Сапарбаев;

8. «Әлия — Мәншүк» Мықтыбай Ерімбетов, Мұқанбек Бөрібаев;

9. «Әлия — Мәншүк» өлеңі Фариза Оңғарсынова.

Күтілетін нәтиже:

Тәрбиеленушілердің аға ұрпақ дәстүрлерін меңгеруін жүзеге асыру. Ғасырлар бойы және мыңдаған жылдар бойы жинақталып келген Отанға деген терең сезімін қалыптастыру. Жас ұрпақтың рухани жан дүниесін дамыту жалпы азаматтық құндылықтарды меңгерту, басымдылық танытатын ұстанымдарды - ерлікті тең құқықтылықты, өзін-өзі басқаруға үйрету.

Гульжазира Жакланқызы КУЛБАЕВА,
Ә. Молдағұлова атындағы облыстық
мамандандырылған
олимпиадалық резервтегі
мектеп-интернат-колледж-интернат
меңгерушісі.
Қарағанды қаласы.

«Үздік информатик» сайысы



Арман
Муханбеткалиевич
РАМАЗАНОВ,
Карманов мектеп-
бөбекжай-балабақша
кешенінің
информатика пәні
мұғалімі.
Қырқопа ауылы.
Жаңақала ауданы,
Батыс Қазақстан
облысы.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар, әділ қазылар, оқушылар! Сіздермен бірлесе отырып, «Үздік информатик» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Ойын толқын, айналған қатты ағысқа,

Табылғандай танымда, жат дауыста.

Біреу озып келеді қатарынан,

Біреу қалып жатады асығыста.

Ойын толқын жатқанда асып, тасып,

Біреу мығым, біреулер шалыс басып.

Бұл ойыннан өтеді ғұлама ойлар,

Жеңсе де, жеңілсе де қалма жасып.

- Алдымен ойынға қатысушы талантты да дарынды оқушыларымызды қошеметпен ортаға шақырайық. Ойынға 4 оқушы қатысады. Бүгінгі ойынымыз 4 турдан тұрады.

(Ойыншылар өздерін таныстырып өтеді)

1-тур – «Бәйге»;

2- тур – «Полиглот»;

3-ші тур – «Қиял әлемі»;

4-тур – «Жорға».

Бүгінгі ойынға қазылық ететін әділ қазылар мен таныс болыңыздар.

1 ші тур «Бәйге». Жарысқа қатысып отырған оқушыларға сәт сапар тілей отырып, шыңдарға биік қонғайсың демекпіз. Ал «Бәйге» турын бастаймыз. Сіздерге ортақ 10 сұрақ беріледі. (Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі)

1. Аталған байттар тізбегі? (Файл)

2. Windows жұмыс атқара алатын барлық мүмкіндігі? (Объект)

3. Қағаздағы көріністі экранға түсіруші? (Сканер)

4. Адам мен компьютер арасындағы қарым-қатынас? (Интерфейс)

5. Бір жолға канша оператор жазуға болады? (256)

6. Ақпаратты енгізуге арналған құрылғы? (Пернетақта)

7. Компьютердің ақыл-ойы? (Процессор)

8. Мәтін дегеніміз не? (Жолдар тізбегі)

9. Вирустың кері әсерін жоятын программа? (Антивирус)

10. Бос орын қалдыру пернесі? (Пробел)

Көрермен жиналған бұл тамашаға

Құр қарап жай отыру жараса ма?

Туыс, досқа, сыныптас, танысқа емес,

Соқ қолынды білімді жас талантқа.

2 тур – «Полиглот»

1. Фонограф бағдарламасы қандай

мәліметті өңдеуге мүмкіндік береді?
(Дыбыс, звук, sound)

2. Жіпке ілдім мен өзім,

Кіп-кішкене күн көзін. (Шам, лам-
почка, lamp)

3. Ақпараттың қайнар көзі? (Таби-
ғат, природа, nature)

4. Графигтік курсорды басқару-
ды жеңілдететін құрылғы? (Тышқан,
мышь, mouse)

5. Ас – адамның арқауы, ал компь-
ютердің асы. (Ток, ток, current)

6. Өнер алды – қызыл ... (тіл, язык,
language)

Айналайын алға ұмтылған дарын-
дар!

Айналайын жеңіс құшқан қыран-
дар.

Бізден қиын жағдайларды сұрандар,

Сұрап қоймай, шешу жолын табың-
дар.

3-тур. «Қиял әлемі». Ойыншыларға
тақырып беріледі. Тақырыпқа сәйкес
қызықты әңгіме құрастыруы тиіс.

1. Егер мен робот болсам..

2. Егер мен хакер болсам...

Ойыншыларға дайындалуға 5 минут
уақыт беріледі. Кезекпен өнерін орта-
ға салады.

Білімнің ұшқырлығын танып сен,

Асып, тасып, асықпа, қалыспа сен

Уақыт деген зымырап, зулап жатыр

Шапшандық бұл сайыста керек
екен.

4 тур. «Жорға»

1. Ақпаратты шығару құрылғысы?
(Принтер)

2. Жалпы желіге қосылу үшін қа-
жетті құрылғы. (Модем)

3. Ақпаратты өңдеу құрылғысы.
(Процессор)

4. Қарапайым есептеулер жүргізетін
бағдарлама. (Калькулятор)

5. Дыбыс жазу құрылғысы? (Микро-
фон)

6. 7 екілік жүйеде қандай сан? (111)

7. Дискілерді оқу құрылғысы? (Диск
енгізгіш)

8. Кең тараған монитор түрлері
(EGA, VBA)

9. Дискета түрлері (3,5 және 5,25
дюймдік)

10. Адам денсаулығына зиянды
компьютер құрылғысы? (Монитор)

11. Компакт дискіні оқуға арналған
құрылғы? (CD-ROM)

12. Дыбыс шығаратын құрылғы?
(Колонка)

13. Орындаушы орындай алатын
командалар тізбегі. (Алгоритм)

14. Мәліметтер қорымен жұмыс
жасауда қолданылмайтын ұғым. (Ұя-
шық)

15. Дүниежүзілік компьютер арасын-
дағы байланыс ортасы? (Интернет)

16. Информация өлшем бірлігі?
(Бит, байт)

17. Windows сөзінің аудармасы? (Те-
резе)

18. Белгілі бір атпен жазылған мәлі-
меттер жиыны? (Файл)

19. Мәліметтер енгізу пернесі? (Ин-
тер)

20. Деректерді сақтауға арналған құ-
рылғы. (Жады)

21. Сурет салуға арналған бағдарла-
ма. (Графигтік редактор)

22. Курсордың оң жағындағы сим-
волдарды өшіру пернесі? (Delete)

23. Графикалық информацияны
компьютерге енгізу құрылғысы? (Ска-
нер)

24. Әр түрлі объектілер орналасқан Windows экраны? (Жұмыс үстелі)

Жүргізуші:

Сайысқа түскенменен топ балалар,
Ішінен жүйрік шыққан, орын алар.
Ендеше, бүгінгі өткен сайыстың да,
Бабы мен бағы жанған баласы бар.
Олай болса, ортаға шақырайық,
Есімін баршаңызға танытайық.
Ерекше білімі мен білігі үшін,

Алғыс айтып, қошемет танытайық.
- Ендігі кезекті әділ қазылар алқасына береміз.

Ең көп ұпай жинаған оқушы «Үздік информатик» атағына ие болды. Құттықтаймыз!

Бүгінгі «Үздік информатик» атты интеллектуалдық ойын өз мәресіне жетті. Зейін қойып тамашалағандарыңызға алғысымыз шексіз.

Тапқырлар тартысы



Перизат Серикказиновна ТУРАРОВА,
«Сұлутал бастауыш мектебі» КММ-нің бастауыш сынып
мұғалімі.

**Тарбағатай ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.**

Мақсаты:

Оқушылардың Тәуелсіз еліміздің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыру, ой-өрісін іс-жүзінде шындау, есте сақтау, сөйлеу мәнерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты болуға, өз Отандарын сүйуге, құрмет тұтуға тәрбиелеу;

Бір-бірімен достық, ынтымақтастықта болуға баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд, кесте.

Сабақ барысы:

- Қадірлі ұстаздар, әділқазылар және оқушылар!

3-сынып оқушылары арасында өткелі отырған «Тапқырлар тартысы» атты интеллектуалдық сайысқа қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: Жер бетінде адам өмір өткізер,

Бар нәрсеге біліммен қол жеткізер.

Бар ізгілік тек білімнен алынар,

Білімменен аспанға жол салынар, - деген Жүсіп Баласағұн.

Қазір біз, осы уақытқа дейін алған білімімізді көрсетіп, өнерімізді, білімімізді саралап, санамыздың өскенін, сөз байлығымыздың молайғанын көрсетейік.

2-жүргізуші:

Сәлемдесу – игі дәстүр киелі,

Сөзбен қарап, кейде шешер шиені.

Жақсы сөзге жан семірер қашанда,

Жолданады сайыскерлер сәлемі.

Сонымен, сайысқа қатысушылар өз сәлемдерін жолдайды:

I топ: «Қыран»

Біздің топ: «Қыран»

Қайтпас қайсар ерлігі,

Ұлан болғым келеді.

Самғап ұшар биікке,

Қыран болғым келеді.

II топ: «Тұлпар»

Біздің топ: «Тұлпар»

Асау тұлпар желдей ескен арынды,

Оқу менен еңбекке сал барынды.

Болашақтың ұрпағымыз сенімді,

Көрсетпекпіз мектепте алған білімді.

1-жүргізуші: Біреу озса сайыста, біреу артта қалады,

Ренжімей тараса, озбағандар жарады.

Жарыс заңы ежелден — жеңімпазды анықтау,

Озат болу шарты сол — еңбектену, жалықпау», - дей келе, сайысымыздың кезеңдерін таныстырып өтейік.

2-жүргізуші:

I. Бәйге;

II. Тіл — өнер;

III. Кім тапқыр?

IV. Тәуелсіздікке тарту.

- Енді сайысымызды бағалау үшін құрылған әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейік.

1-жүргізуші: Бәйгеге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,

Тәрбие білім табар мән.

Бұл бәйге, ойдың бәйгесі,

Кім жүйрік ойға, сол алда.

«Бәйге» кезеңінің шарты. Әр топ нөмірленген кубикті тандайды, сол бойынша сұрақтар шығады.

«Тұлпар» тобына:

1. Еліміз қашан тәуелсіздік алды? (1991ж. 16 желтоқсан)

2. Мемлекеттік Әнұран қашан қабылданды? (2006 жылы 6 қаңтарда)

3. Мемлекеттік тудың авторы кім? (Шәкен Ниязбеков)

4. Тұңғыш Президент күні қашан? (1 желтоқсан)

5. Шаршының қабырғасының ұзындығы — 7 см. Периметрі қанша? (28 см)

«Қыран» тобына:

1. Тұңғыш Президент сайлауы қашан өтті? (1991 ж. 1 желтоқсан)

2. Н.Ә. Назарбаевтың анасының аты кім? (Әлжан)

3. Мемлекеттік Рәміздер қашан бекітілді? (1992 жылы 4 маусымда)

4. Елтаңбаның авторлары кімдер? (Елтаңба авторлары: Жандарбек Мәлібекұлы, Шотаман Уәлиханов)

5. Әнұранның авторлары кімдер? (Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмші Қалдаяқов)

2-жүргізуші: «Білім деген биік шың,

Бақытқа сені жеткізер.

Білім деген ақылшың,

Қиындықтан өткізер.

II кезең. 3 тілде «Тіл — өнер»

Келді кезек жұмбақтарды шешуге,

Жауаптарын беру керек үш тілде.

Қазақ, орыс, ағылшынды білсеңіз,

Жақсы баға, шәкірт, саған несібе.

1-жүргізуші:

Ана тілің — арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте!

Бұл кезеңде берілген тапсырмадағы көп нүктенің орнындағы сөзді тауып, оны екі тілге аударамыз. Орысша, ағылшынша. Жауабын дұ-

рыс тапса 10 ұпай, орыс тіліндегі аудармасы дұрыс болса 20 ұпай, ағылшын тіліндегі аудармасы дұрыс болса, 30 ұпай беріледі. Ұяшық нөмірін тандайсындар.

1. Жұт . . . ағайынды. (Жеті — семь — seven)

2. Өзі сөйлей білмейді, салған ізі сөйлейді. (Қалам — ручка — pen)

3. Екі қолға ... күрек. (Бір — один — one)

4. Кімнің баласы болма,
Адамның баласы бол. (Атаның — дедушка — grandfather)

5. Өнер алды қандай тіл? (Қызыл — красный — red)

6. Мысыққа ойын керек,
... өлім керек. (Тышқан — мышь — mouse)

7. Тілі бар, үні жоқ,
Өзін адам түсінген
Жүрегі бар да, қаны жоқ,
Сөйлеп тұрған ішінен. (Кітап — книга — book)

8. Жылт — жылт етеді,
Жылғадаң өтеді. (Су — вода — water)

9. Батыр туса — ел ырысы,
... жауса жер ырысы. (Жаңбыр — дождь — rain)

10 ... оттан да ыстық. (Отан — родина — country)

11. Отансыз ... — ормансыз бұлбұл.
(Адам — человек — people)

12. Туған жердің ... де ыстық, түні де ыстық. (Күн — солнце — sun)

III кезең. Кім тапқыр?

1-жүргізуші:

Көңілді, тапқырлар, білгіштер,
Бар өнерін алдарыңа салады.
Кім білімді, көп оқыған болса, егер,
Бүгінгі күн жеңімпазы болады, - деп
келесі кезеңді бастаймыз.

Бұл кезеңде топ жетекшілері сайысқа түседі.

Тәуелсіздік сөзінен жана сөздер жасау керек. 2 топтың жетекшілері кезекпен оқиды. Кім көп сөз құраса, сол оқушының тобына 10 ұпай қосылады.

Топ жетекшілері тапсырмаларын орындағанша әр топқа ертегі беріледі, соның мазмұнына сәйкес мақал-мәтел тауып айту керек.

I топ. Алты түлкі.

Ертеде алты түлкі дос болыпты. Біреуінің құйрығы шолақ екен. Құйрығы ұзын бес түлкі:

- «Сенің құйрығың жоқ», - деп келеке қылып, күле беріпті. Сол уақытта шолақ түлкі «осы бес түлкінің де құйрығын шолақ қылып қояйын» деп ойлап, бес түлкіге айтыпты.

- «Біз бір жақсы ойын ойнайық» - деп түлкілерді алып келіп, қарағайға байлап қойып, өзі бір талдың басына шығып түлкілерге:

- «Мына жақта бүркіттер келе жатыр», - дейді де, өзі қаша жөнеледі. Сонда бес түлкі қашамын деп құйрықтарын үзіп, бәрі де шолақ болып қалады. Бесеуі бірдей шолақ болғаннан кейін мазақ етіп, күлмейтін болыпты.

(«Күлме досқа, келер басқа»).

II топ. Атасы мен немересі.

Ата қартайып, күші кеміді, нашар көретін, нашар еститін болды, ішкен тамағын алдына төгетін болды. Не үшін десеңіз, оның аяқ қолы кәріліктен қалтыраушы еді. Шалдың бұл ісі баласы мен келініне ұнамады. Олар шалға алдына жаман дастарқан жайып, тамақты жаман ыдысқа құйып, бөлек беретін болды.

Немересі өзінің әкесіне атамды бөлек отырғызба деуге бата алмайды. Бір күні ол ағаш жонып отырады. Әкесі көріп;

«Шырағым, не істеп жатырсың?» - дейді. Сонда баласы: «Аяқ істеп жатырмын, шешем мен екеуің атам құсап қартайғанда, сендерге тамақты осы аяққа құйып беремін», - дейді.

Бұл сөзді естіп, шалдың баласы ұялып, әкесін бөлек отырғызып тамақ беруді қояды

(«Әкеңе не қылсаң алдына сол келер»)

IV кезең. Тәуелсіздікке тарту. Әр топ өз өнерлерін көрсетеді.

2-жүргізуші:

Болашақтың іргесін қалайтын,

Қазақстанның мерейін көтеретін азамат пен азаматшалар сендерсіңдер. Еліміз сендердің болашақтарыңнан зор үміт күтеді. Тек биіктен көрінулеріңе тілектеспіз.

Соңғы кезеңнің ұпай санын және жалпы қорытындыны хабарлау үшін сөз кезегін әділ қазыларға береміз.

1-жүргізуші:

Білімділік пен ізгілікті бойымызға дарыта берейік.

Сендерге әрдайым биік белестер тілейміз!

Марапаттау.

Талаптанған тау асар

- Құрметті ұстаздар, ата-аналар бүгін біз «Талаптанған тау асар» атты тағылым сағатын өткізгелі отырмыз. Бұл тағылым сағатының мақсаты:

1) Оқушылардың білімге деген құштарлығын, ізденісін, қызығушылығын арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

2) Көпшілік алдында еркін сөйлей білуге, шығармашылықпен еңбек етуге дағдыландыру;

3) Өзін-өзі басқаруға, ұйымшылдыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу.

Ғылым сағаты кезінде сынып оқушылары бойындағы қабілеттерін, икемдіктерін, білімдерін көрсетуге тиіс. Сондықтан да осы шараны жүргізуді сыныптағы оқу озаты Данагүл Жұлдызқызына тапсырамын.

Жүргізуші: Құрметті көрермендер, тәрбиелік шарамызға қош келдіңіздер!

- Алдымен бүгінгі шараның шартымен таныстырайын. Сынып оқушылары өздерінің қабілеттері мен бейімдіктеріне қарай үш топқа бөлінеді. Әр топтың өздерінің ерекшеліктеріне қарай тақырыптары мен ұрандары бар.

1-топ:

«Талап — тұлпар,

Білім — сұңқар» деген ұранмен математика пәні бойынша логикалық, шығармашылық есептерді шешеді.

Топ жетекшісі: Сарбиназ Нұртасқызы.

2-топ.

«Дұшпаныңнан бір сақтан,

Жаманнан мың сақтан» деген ұранмен берілген «Құмырсқа мен көгер-

шін» деген үнді ертегісі бойынша сахналық көрініс көрсетеді.

Топ жетекшісі: Дулат Амангелдіұлы.

3-топ:

«Олақ өзгеге сенеді,

Өнерлі өзіне сенеді», - деген ұранмен өнерлі оқушылар тобы қатынасады.

Топ жетекшісі: Гүлфайруз Жәрдемқызы.

Шараға қатынасушы оқушыларды ортаға шақырамыз.

Таудай биік болам деме —

Тау қанша биік болса да,

Талайлар басып, басына шығар.

Теңіздей терең ақылың болсын,

Тең келіп, ешкім жете алмас саған.

Аяғы таптамас еш жанның,

Адам деген затың сол болар.

Ауыз қанша көр болса да,

Айтар әуен аз болғаны өкініш.

Ата салтын ардақтауың — парыз іс.

Көргені жоқ көп тобырдан,

Өнері бар жалғыз жақсы.

Қалың қара тобырдан,

Билік білер жалғыз артық.

1-бөлім. Топ жетекшілерінің таныстыруына кезек береміз.

1-топ жетекшісі: Сарбиназ Нұртасқызы.

Сұрасаңыз ауыл аты Құрманғазы

Төгілген домбырадан халық назы.

Атағыңды қорғауға күй атасы

Келіп тұрмыз 4-сынып ұл-қыздары.

Талпынбаса бұйырған өнер кімге,

Талаптыға шуағын төгер күн де.

Бүгінгі күн жарысқа қатысамыз,

Озық ойлы, ғылымды меңгеруге.

2-топ жетекшісі: Гүлфайруз Жәрдемқызы.

Білім берген бар ынта-жігерменен,
Үйреткен бізді өнерге зейінімен.

Ұстазым бар жетекші Талиға апай,
Кең пейілді қазақтың даласындай.

3-топ жетекшісі: Парасат Бауыржанқызы.

Арман қуған кішкентай ұланыңбыз,
Білімге біз туған ел, құмар ұл-қыз.

Бас иіп өздерінді сендіреміз,

Арамыздан шығар деп талай жұлдыз.

2-бөлім: Бұл бөлімде топ мүшелеріне тапсырмалар беріледі (музыка әуенімен)

1-топ. Математика пәніне байланысты.

Тапсырмасы: Шығармашылық, логикалық есептер беріледі.

1) Оңынан оқысаң да — сол сан,

Солынан оқысаң да — сол сан.

Бұл қандай екі таңбалы сан?

2) Тізбектес төрт санның шеткі екеуінің көбейтіндісінің мәнімен салыстыр.

Нені байқадың? Мысалы: 1, 2, 3, 4...

3) Үйдің бірінші қабатынан үшінші қабатына көтерілу үшін 52 баспалдақтан өту керек. Осы үйдің бірінші қабатынан алтыншы қабатына көтерілу үшін қанша баспалдақ керек?

4) 1 цифрын 7 рет, 3 цифрын 6 рет пайдаланып және амал таңбаларын колданып, мәні 1000-ға тең өрнек жазып көрсет.

5) Төрт цифрын төрт рет және амал таңбалары мен жақшаларды пайдаланып 3 санын қалай шығарып алуға болады?

Тағы қандай сандарды төрт рет алып, нәтижесі 3 саны болатынын жалғастырып көріңдер.

2-топқа тапсырма. «Құмырсқа мен көгершін» үнді ертегісі. Ертегінің мазмұнына сәйкес сахналық көрініс беру. (Ертегі бойынша көрнекілік жасалады)

3-топқа тапсырма: Іскерліктеріне байланысты тапсырмалар беріледі.

(Мата, жіп, қайшы, түсті қағаздар, желім, т.б. Әр түрлі табиғи материалдар: гүлдер, жапырақтар, т.б.)

Дайындаған заттарын шын көңілмен тілектерін айтып біреуге ұсынады.

3-бөлім. Әр топ шығармашылық жұмыстарына байланысты алынған мақал-мәтелдердің мән-мағынасын түсіндіреді.

1-топ жетекшісі:

«Талап – тұлпар,

Білім – сұңқар»

Тұлпар – жүйрік ат, білімді болу үшін ұшқыр ойлы, сұңқардай биікке самғау керек...

2-топ жетекшісі:

«Дұшпаннан бір сақтан,

Жаманнан мың сақтан»

Бұл мақалдың түпкі ойы мынада: қайырымсыз дұшпаннан сақ бол, ал жаман әдеттерден (нашақорлық, маскүнемдік, ұрлық, өтірік, т.б.) үнемі сақтанып жүру қажет.

3-топ жетекшісі:

«Олақ өзгеге сенеді,

Өнерлі өзіне сенеді»

Бұл мақалдың мәні мынада: олақтың ештеңеге икемі жоқ, үнемі өз ісін кісіге жасатып, басқаға сеніп кетеді. Ал, өнерлі бәрін өзі жасай алатын болғандықтан өзіне сенеді.

4-бөлім: Сынып жетекшісі шараны қорытындылап, сынып оқушыларына алғысын білдіріп ынталандыру сыйлықтарын табыс етеді.

Сағира Ахметжанқызы АСАНОВА,
Гребенщик орта мектебінің
физика пәні мұғалімі.
Ынтымақ ауылы,
Индер ауданы,
Атырау облысы.

Үш бағалы затты ешқашан қайтара алмайсың - уақыт, сөз, мүмкіндік.

Сондықтан - уақытты жоғалтпа, сөзді дәл уақытыңда айт, мүмкіндікті жіберіп алма.

Конфуций

«Менің анам мені әркез қолдаған» атты «Екі жұлдыз» ән байқауы

Алматы қаласы Бостандық ауданы №40 жалпы білім беретін мектепте 2023 жылдың 25 желтоқсан күні инклюзивті сыныптарда оқитын ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен ата-аналары арасында «Менің анам мені әркез қолдаған» атты «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы сүйіспеншіліктерін арттырып, балаларына қолдау көрсету. Балаларды көркемдік, адамгершілік рухани бағытта тәрбиелеу, әнге, өнерге деген құштарлығын ояту, қызығушылықтарын арттырып, мәдени іс-шараларға белсенділікпен қатыстыру.

1-жүргізуші: Армысыздар ән сүйер қауым, ұстаздар мен оқушылар!

Бүгінгі «Менің анам мені әркез қолдаған» атты «Екі жұлдыз» ән байқауымызға қош келдіңіздер! Байқауда оқушылардың аналарымен жұптасып ән айтқанын тамашалайтын боласыздар.

2-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті көрермендер, байқауда оза шапқан жарық жұлдыздарды сіздермен бірге анықтайтын боламыз, өздеріңізге ұнаған жұптарыңызға қол соғып қошемет көрсетіп отырыңыздар!

Әр жұп жарық жұлдыз болуға лайық, олай болса, сайысымызды бастайық.

1-жүргізуші: Жұлдыздардың өнерлерін көріп, әділ бағаларын беретін әділ қазылармен таныс болыңыздар!

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Қасимова Фариза Сапарханқызы;

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сапарғалиева Шынар Нурлановна;

3. Музыка жетекшісі: Ереханова Клара Жұмаханқызы;

4. Мектебіміздің әлеуметтік педагогі: Есимова Маржан Сапарғалиевна;

2-жүргізуші: «Әнді сүйсең менше сүй», - деп Абай атамыз айтқандай,

Сұңқылдаған көмейі

Сыбызғының үніндей.

Қалықтатып созғаны,

Сарыарқаның беліндей.

Барша мектеп қауымын

Әнімен залға сыйғызған

«Екі жұлдыз» байқауына қатысушы жұптармен таныс болыңыздар!

(Музыка әуенімен байқауға қатысушы жұптар ортаға шығады)

1-жүргізуші:

1. ҚауKENOVA Кәусәр мен анасы Айгерім Архатқызы;

2. Оралхан Ерасыл мен анасы Жұмакүл Мұханбетқалиқызы;

3. Тұрар Асанәлі мен анасы Алтын Бақбергенқызы.

2-жүргізуші:

Екі жұлдыздың сахнасына қай жұптың шығу реттілігін анықтау үшін байқауға қатысушы жұптарымызды ортаға шақырып, нөмерлерді тандауды сұраймыз.

1-жүргізуші: Ал, жұптар бүгін жұлдыздарыңыз жана берсін дей отырып, сіздерге сәттілік тілейміз!

2-жүргізуші: Құрметті әділ қазылар алқасы ұпай санын қатысушылардың

1. Сырт келбеті, киім үлгісі;

2. Актерлік шеберлік, сахна мәдениеті;

3. Ән айтудағы бір-бірімен үйлесімділігі, қолдаулары бойынша бағалайсыздар. Ұпай саны 5-10 балл аралығында қойылады.

1-жүргізуші: Ең бірінші болып, өнер көрсетуші жұбымызды қол соғып, қошемет көрсетіп қарсы алайықшы. Әр қылығың ұнай берген, өміріме шырай берген деп «Ханшайым» әнімен сахнаға шығатын Кәусәр қызымыз бен анасы Айгерімді қарсы алыңыздар!

2-жүргізуші:

Анадан жаралған ғой дана біткен,

Биіктен өз баласын ана күткен.

Біздерді кешір, ана, түсінбесек,

Еркелеп сәби, жастық, балалықпен, - дей келе, сахна төрінде өздерінің әсем әндерімен «Менің анам, мен анаммен мақтанам» әнімен ортаға шығатын Асанәлі мен анасы Алтынға қол соғып, қошеметтеріңізді көрсетсеңіздер!

1-жүргізуші: Келесі дуэт 3 «Б» сынып оқушысы Оралхан Ерасыл мен анасы Жұмакүлді «Ақ дидарлы анашым» әнімен қол соғып, қошемет көрсетіп қарсы алайық!

2-жүргізуші: Құрметті көрермендер! Ақиық акын Қадір Мырза Әли атамыздың:

«Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте» - дегендей, сіздерге мектебіміздің 6 «А» сынып оқушысы: Рысқұлбек Дамир «Қазақ тілі» әнін тарту етпекші. Қарсы алыңдар!

1-жүргізуші: Бүгінгі жұлдызды кешіміздің жеңімпаздарын анықтау үшін сахна төріне әділ қазылар алқасын шақырамыз.

2-жүргізуші: Құрметті қазылар алқасы жаңа ғана өздеріңіз жұптарымыздың өнерін тамашаладыңыздар. Енді әділ бағаларыңызды берсеңіздер. Сөз кезегі музыка жетекшісі: Ереханова Клара Жұмаханқызына беріледі.

Сайыста жақсы ән айтып, белсенділік көрсеткені үшін 2-орын алған 3 «Б» сынып оқушысы: Оралхан Ерасыл мен анасы Жұмакүл Мұханбетқалиқызына мектеп ұжымы атынан диплом мен мектеп сөмкесі оқу құралдарымен сыйлыққа берілді.

Көрермендердің ыстық ықыласына ие болған жұптарымыздың бірі 1-орын иегерлері 5 «Б» сынып оқушысы: Тұрар Асанәлі мен анасы Алтын Бақбергенқызына диплом мен сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ ең жоғарғы ұпай жинап, кішкентай қатысушы болса да тамаша

өнері үшін Бас жүлдені жеңіп алған 1 «Б» сынып оқушысы: Қауқенова Кәусәр мен анасы Айгерім Архатқызына «Балақай шоп» дүкеніне Сертификатпен қоса, мектебіміздің атынан диплом мен сыйлықтар табысталды.

1-жүргізуші: Екі жұлдыз кешінің осы дәрежеде өтуіне өз үлестерін қосқан ата-аналар мен оқушыларға ризашылығымызды білдіре отырып, біз

сіздермен қоштаспаймыз, келесі жақсы күндерде кездескенше!

Жанар Зейненовна НУРГАЛИЕВА,

№40 жалпы білім беретін мектептің арнайы педагогы.

Айжұлдыз Оспанқызы АМАНГЕЛДІ,

№40 жалпы білім беретін мектептің педагог-логопеді.

Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

Құтты болсын Жаңа жыл!

Жаңа жыл мерекесіне орай безендірілген залға музыка ырғағымен сәнді киінген балалар залға кіреді.

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Бақыт, шаттық, молшылық пен тыныштық,

Бәрімізге әкелсін мына арай жыл.

«Кел, кел, жаңа жыл!» әні орындалады.

Шыршаның артынан Моана мен Ванилопа шығады да:

Моана:

Ау, жарандар, ал қарандар,

Жауып тұр қар себелеп.

Көкке толды, жерге қонды,

Сансыз аппақ көбелек.

Ванилопа:

Тым алыстан, Тәтті әлемнен келдім

Досымды да ерте келдім.

Сендермен ойнап-күліп

Көп қызыққа батар едім

Секіріп билеп жүрген Ванилопа мен Моананың алдынан **Ит** шығады.

Моана: Амансыз ба!

Ит:

Жаңа жылдың алдында,

Тойды еске алдым да.

Жылды қарсы алайық,

Би билеп, ән салайық.

Жаңа жылдың тойында,

«Жан салайық» ойынға!

Барлығы қол ұстасып, билейді.

Би: «Кел билейік балақай»

Сол кезде қуана Олаф келеді.

Олаф:

Сәлем, достар, аман ба?

Нұр берді шырша алаңға



Қане, шашу шашайық,
Тойлап, көңіл ашайық.
Бәрі билеп жатқанда,
Босқа қарап тұрмайық
Өнерін жұрт көреді
Тауып өз сыңарымды
Тайсалмай, биге түсіп,
Тарқатам құмарымды.
«Мадагаскар» биі орындалады.
Осы кезде орталарына Түлкі келеді.

Тра-ля-ляй! Тра-ля-ляй!
Өнершіл аңдар-ай.
Өңкей пандар тындандар,
Жаңа жылға әнім бар,
Қол ұстасып, биге басып,
Жыл әніне салындар
Бәріңізге бір сәлем.
Бәрі қосылып, билейді.
Бәрі: Жаңа жылдарыңызбен!
Жүргізуші: Жарайсындар, балалар!

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Соны шешесіңдер ме?

Балалар: Иә.

Жұмбақ:

Ақсақалды шал жылына,

Бір-ақ рет келіп кетеді.

Қызы мен ұлына,

Сыйлық алып келеді. (Аяз ата)

Жүргізуші: Балалар, енді жаңа жылдық мерекемізге Аяз атаны шақырайық. Ол орманда жүріп адасып кеткен болар.

Балалар: Аяз ата! Аяз ата!

Аяз атаның орнына Дракула ханым ұшып кіреді де шыршаны бір айналып барып, қонақтардың алдына келіп тұра қалады.

Дракула ханым: Пай-пай! Мен қайда келдім өзі? Мына шыршаның кереметін-ай! Үйге алып кетсем бе екен?

(Осы кезде Дракула ханым төменге еңкейіп, шыршаның түбімен жұлып алғысы келеді)

Жүргізуші: Дракула ханым! Біз «Жаңа жыл» мейрамын тойлап жатырмыз, біздің шыршамызға тимеңіз!

Дракула ханым сөзге мән бермей, маңдайдағы терін сүртіп тұрып, былай дейді:

Дракула ханым: «Тү-ү-ү!». Мына шыршаның тамырының терең отырғызылғанын-ай, жұлынбайды ғой.

Сол кезде шыршадағы жылтыраған кілтті көріп қалады да:

Дракула ханым: Мынау қандай қызық кілт өзі, осы кілт бағанағы менің ұшып келе жатып көрген, сандықтың кілті болар. Сол сандықтан бір ке-

ремет дәмнің иісі шығып еді мүмкін ақша да бар шығар. Мен шыршаға тимей-ақ, осы кілтті алып барып сандықты ашайын, мүмкін тамағына тойып, ақшасына бір байып қалармын!

Дракула ханым кетіп қалады. Сол кезде қалтасынан бір таяқ түседі.

«Мен қазақтың қызымын» әні орындалады.

Жүргізуші: Балалар, қане, тойды жалғастырайық, Аяз ата кешікті ғой. Мүмкін адасып кеткен болар. Әнімізді шырқап, атамызды шақырайық!

Есіктің сыртынан дауыстар естіліп, іле-шала залға Аяз ата мен Ақшақар кіреді. Аяз ата Ақшақарды қолынан тартып, жетелейді, ол кіргісі келмейді. Қастарында Ұлу болады.

Ақшақар: Ата, мені жіберіңізші! Кірмеймін мында, үйге кетемін.

Аяз ата: Айналайыным-ау, не болып қалған саған, ауырып қалған жоқсың ба?

Ақшақар: Жоқ, жоқ. Ауырып тұрған жоқпын. Ешқайда барғым келмейді, үйге қайтамын.

Аяз ата: Қызым-ау, не айтып тұрсың? Қарашы, біз тойға келдік!

Қане, балалармен амандасайық.

Аяулы аналарға, ардақты ұл-қыздарға

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың,

Асаулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан

(Балалар амандасады)

- Сәлеметсіздер ме, балалар!

Жаңа Ұлу жылы:

Мен тұрмын қуанып,
Шаттыққа бөленіп.
Бір жыл бойы сіздермен,
Дос болайық шаттанып.

Аяз ата: Рахмет, балаларым! Қане-кей қызым! Қонақтардан ұят болады,

басыңды көтер. *(Ақшақар басын көтермейді)*

Аяз ата: Қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шырша да әсем безендірілген екен. Бәрі де тым сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық,



Жаңа жыл тойын ашайық!

Сол кезде Ақшақар жылап тұрып: Мен шырша шамын жағатын сиқырлы таяғымды жоғалтып алдым.

Аяз ата: Қазір мен-ақ өзімнің таяғыммен жағамын.

Ақшақар: Қойыңыз, Аяз ата! Сіз бұл таяғыңызбен бүкіл шыршаны қатырып тастайсыз.

Жүргізуші: Ақшақар, сиқырлы таяғың қандай еді?

Ақшақар: Менің таяғым жылтыр, пішіні жүрекке ұқсайды. Сіздер оны көрмедіңіздер ме?

Жүргізуші: Жаңа мында Дракула ханым болған, ол ұшып бара жатып, қалтасынан жылтыраған бір затын түсіріп алды, сол емес пе екен? Қане, барлығымыз іздеп көрейікші?

(Сөйтіп жатқанда Моана сиқырлы таяқты тауып алады)

Аяз ата: Жарайсың, балапаным!

Жүргізуші: Қане, шырша жағуға көмектесейік, балалар! Үшке дейін санайық: 1-2-3.

Жаңа жыл» әнін шыршаны айналып орындау.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балаларымыздың өнерін тамашалайық!

- Аяз ата, Сіз біздің балалардың өнерін тамашаладыңыз, Сізге ұнады ма? Сыйлық әкелдіңіз бе?

Аяз ата: Әрине, барлық сыйлық мына сандықтың ішінде! Ақшақар мына сандықтың кілті қайда?

(Ақшақар иығымен білмеймін дегендей ишара жасайды)

Аяз ата: Иә, сол кілт шығар.

Ванилопа: Аяз ата, ол кілтті Дракула ханым алып кетті. Ол тіпті шыршамызды алып кеткісі келген.

Аяз ата: Қап, әттеген-ай! Қане, біз

Ақшақар екеуміз оны іздеп келейік.

(Осы кезде залға Дракула ханым кіріп келеді)

Дракула ханым: А-а бәлем! Таптым, сандық мында тұр екен ғой!

Аяз ата: Ұрлықшы мында жүр ғой! Қане, кілтті маған бер, балалар сыйлықтарын күтіп қалды.

Дракула ханым: Ойбай, тағы, не дейді? Сыйлық өзіме де керек.

Аяз ата: Аһ, бәлем! Олай болса, өзіңнен көр. Мен сені қатырып тастайын.

Аяз ата: Қане таяғым, мына Дракула ханымды қатырып таста!

(Дракула ханым тұрған бойында қатып қалады)

Дракула ханым: Әй, Аяз ата! Керегі жоқ, қалпыма кетір! Ой, не істесем екен?

Аяз ата: Сандықтың кілтін бересің бе?

Дракула ханым: Жоқ, бермеймін!

Аяз ата: А-а, онда осылай тұра бер! Мен кеттім!

Дракула ханым: Жоқ, Аяз ата! Кетпеші, беремін кілтінді, тек балалар менің тілегімді орындасын, жұмбақтарымды шешсін!

(Осы кезде Дракула ханым қалпына келеді, балаларды билетеді)

«Клэп снэп» биі орындалады.

Дракула ханым: Жарайсыңдар, балалар, жақсы билейді екенсіңдер.

Аяз ата: Жарайсыңдар, балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Тағы қандай өнерлерің бар?

«Уги-буги» биі орындалады.

Аяз ата: Барлықтарың да ақылды, білімді де өнерлі екенсіңдер. Киген



киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе, қызым? Біздің сыйымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер! Аспандарын ашық болсын! Қош болыңдар! (Қолдарын бұлап шығып кетеді...)

Ескі жыл қоян:

Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты!

Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Қош сау болыңдар!

«Орманда шырша өсіп тұр» әні орындалады.

Жүргізуші: Міне, құрметті қонақтар. балалар! «Құтты болсын, Жаңа жыл!» атты, ертеңгілігіміз аяқталып қалды. Осындай, керемет мерекеге

атсалысқандарыңызға рахмет айтамыз. Жаңа 2024 жылымыз құтты болсын! Отбасыларыңызға тек бақыт, қуаныш нұры жаусын! Жаңа жыл — әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Жаңа жыл баршамызға берекелі, мерекелі жыл болсын. Келесі жаңа жылда кездескенше, аман-сау болайық!

Толқынай Дауреновна

АЛБЕРГЕНОВА,

Әйгерім Рахымқызы ҚАЙЫП,

Қарағанды облысы білім

басқармасының

Балқаш қаласы білім бөлімінің

«№5 жалпы білім беретін мектебі»

КММ-нің бастауыш сынып

мұғалімдері.

*Шын мәніндегі ұмы адамның бірінші белгісі
кішіпейілділік екеніне сенемін. Кішіпейілділік
дегенде, адамның өз қабілетіне күмәнмен қа-
рап, өз ойын білдіруге жасқануын емес, қолы-
нан не келетінін, өзінің шама-шарқын білуін
айтып отырмын.*

Джон Рескин

Құстар біздің досымыз



**Гүлмира
Бірлікқызы
ШӘДІБАЕВА,
«Дарын»
гимназиясының
бастауыш сынып
мұғалімі.
Ақтау қаласы,
Маңғыстау
облысы.**

Мақсаты: құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы мағұлмат беру. Құстарды аялап күтуге, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін кеңейту.

(Слайдпен тақырыпты көрсету)

1-жүргізуші:

Дала гүлге бөленді,
Қуанышқа кенелді.
Орман, тоғай бақтарда,
Құстар сайрай жөнелді.

2-жүргізуші:

Өйткені бұл көктем ғой,
Шұғыласын төккен ғой.
Құстардың бәрі,
Әнші болып кеткен ғой.

1-жүргізуші: Көк құрақ — көлдің сәулеті, құс пен аң елдің дәулеті — дегендей хайуанаттар ішіндегі ең сұлуы, ең сымбаттысы — құстар. Табиғатта да, адам өмірінде де құстардың мәні зор. Құстар әуезді әсем дауыспен, сымбатты да сұлу, алуан түрлі сыртқы көрінісімен табиғаттың сәнін келтіру арқылы адамды ләззатқа бөлейді.

(Слайдпен құстардың суреттерін көріп, дыбыстарын тыңдау)

2-жүргізуші: Иә, бұл мереке табиғаттың қысқы ұйқыдан оянуын танытатын көктем хабаршысы. Ал, балалар сендер білесіңдер ме? Құстарды зерттейтін ғылым саласы — орнитология. Жер бетінде 8600-ге жуық құстардың түрі бар. Біздің Қазақстанда 500-ге жуық құстардың түрлері бар. Қызыл кітапқа енгені — 56 түрі. *(Слайдтан сайыс кезеңдерін ашу)*

1-жүргізуші: Ал осы қанатты достарымыздың, яғни әр құстың тыныс тіршілігімен, табиғаттағы орнымен адам өміріндегі пайдасы туралы бүгінгі сайысымыз барысында әңгімелеп, жұмбақ шешіп, ойын ойнаймыз.

2-жүргізуші: Олай болса, бүгінгі тәрбие сағатымызды екі топ арасында сайыс түрінде өткіземіз.

1-жүргізуші: Сайыс сабағымыз әділ өту үшін әділқазылар алқасын сайлап алайық. Сайыс 7 бөлімнен тұрады.

1. Таныстыру. (Төсбелгімен)
2. Сұрақ — жауап. (10 сұрақ)
3. Кімнің ойы ұшқыр? (Топ басшылары)
4. Мәнерлеп оқу. (Құстар тақырыбына)
5. Кім көп біледі? (Жұмбақ шешу)
6. Көрініс.
7. Топтық жұмыс. (Құстардың пайдасы, зияны)

1-бөлім: Таныстыру.

2-жүргізуші: «Аққу» тобы өздерін таныстырып өтсін.

«Көгершін» тобы өздерін таныстырсын.

1-жүргізуші: Нұржас, ең кішкентай құс, қандай құс екенін білесің бе?

2-жүргізуші: Таптым, колибри болар.

1-жүргізуші: Дұрыс, ал оның ұзындығы қандай?

2-жүргізуші: Кішкентай болар

1-жүргізуші: Ұзындығы 5 см ғана, енді білетін боласың. Құстар туралы балалар не біледі? Ол үшін сайысымыздың 2-бөліміне көшелік.

2-бөлім: Сұрақ-жауап

1-жүргізуші: 1-топқа:

1. Адам қай құсты аң аулауға пайдаланған?

2. Қандай құс хат тасушы атанған?

3. Топ балықты бірден асайтын қай құс?

4. Қандай құс мүлде ұя салмайды?

5. Үй маңына жақын құстар?

6. Қазақта қай құсты киелі дейді?

7. Орман емшісі?

8. Қайырымды достар: арқар, суыр,

...

9. Шағала, үйрек қандай құстар тобына жатады?

10. Әтеш қалай дыбыстайды?

2-жүргізуші: 2-топқа:

1. Орманның әнші құсы?

2. Ең үлкен құс қалай аталады?

3. Тауық, қаз, қораз бір атаумен ата?

4. Түнде жақсы көретін құс?

5. Ұя жасау үшін өткір тұмсықты құс?

6. Құстың негізгі мекені?

7. ҚР Туында қандай құс?

8. Күн көзіне тура қарайтын құс?

9. Ең ұзақ жасайтын құс?

10. Иісі қандай жақсы — көкірегінді ашады, суы қандай тәтті..... мәтіндегі құс?

1-жүргізуші: Көктем мезгілі, күн



жылы, құстарға тамақ көп. Алуан түрлі өсімдіктің дәнімен, жидекпен қоректенеді. Тойынған құстар түрлі дыбыс шығарып, ән салады емес пе?

2-жүргізуші: Дұрыс айтасың. Торғай шырылдайды, сұңқар сұңқылдайды.

1-жүргізуші: Нұржас, балалар құстардың дыбысын ажырата ала ма қалай ойлайсың?

2-жүргізуші: Әрине, біледі.

- Олай болса, келесі бөлім «Құстар қалай дыбыстайды?»

3-бөлім: «Кімнің ойы ұшқыр?» (Топ басшыларына)

Сауысқан	шырылдайды
Қарға	-----
Тоқылдақ	-----
Тауық	-----
Бұлбұл	-----
Әтеш	-----
Шағала	-----
Қаз	-----

1-жүргізуші: Осы құстар жөнінде жыр жазған ақын көп болар.

2-жүргізуші: Әрине, көп.

1-жүргізуші: Олай болса, сайысымыздың 4-бөліміне де жеттік.

4-бөлім: «Мәнерлеп оқу»

2-жүргізуші: «Көгершін» тобы мен «Аққу» тобының құстар тақырыбында өлең оқуын тыңдалық. «Аққу» тобы Сәкен Иманасовтың «Бөдене» өлеңін, «Көгершін» тобы Шона Смаханұлының «Бөдене мен тоқылдақ» өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: Келесі кезекті жұмбаққа берелік.

5-бөлім: Жұмбақ шешу.

1-жүргізуші: Әр топқа 10 жұмбақ жасыру.

2-жүргізуші: Қазақ халқы кейде айттайын деген ойына, сөзіне теңеу сөз-

дер қолданады емес пе? Міне құстарды да сол теңеу сөзге қосқан: тауықтай шоқысқан, тотыдай таранған, бұлбұлдай сайраған, қаз дауысты деп жатады.

1-жүргізуші: Иә, бүркіт тұмсықты, қырандай қырағы, үкінің көзіндей құстар барлық жерде де айтылады екен. Сол құстардың тіршілігінің бір бөлігін тамашалайық.

6-бөлім: «Көгершін» тобы - «Құстар қалай қыстайды». «Аққу» тобы - «Көктем сәні» көрінісін көрсетеді.

7-бөлім: Топтық жұмыс. «Дебат» ойыны.

«Құстардың пайдасы» және «Құстардың зияны» тақырыбын қорғау.

1-топ: Құстардың пайдасы. 2-топ: Құстардың зияны.

2-жүргізуші: Осымен сайыс өз мәресіне жетті. Қай топ озық шыққанын анықтау үшін әділқазылар анықтағанша «Бұл қызық» айдары бойынша экранға көңіл аударайық.

1. Қанатын кең жаятын құс?

(Мұхитта тіршілік ететін альбатрос-тың құлашы кең болады. Оның қанаттары ұзын әрі жұқа болады бір ұшынан екінші ұшына дейін 3 метр)

1-жүргізуші: Ұсақ тастармен қоректенетін құстар?

(Кейбір үй құстары ұсақ тастарды жұтып жібереді, жеген дәндерін тез қорытуға жақсы),

т.б.

2-жүргізуші: Жеңімпаз топ анықталып, марапатталады.

1-жүргізуші: Тамылжыған тамаша табиғаттың көрікті көктемінде құстар әні толастамасын!

2-жүргізуші: Бейбіт аспанда қалықтандар, шаттана шарықтандар, қанатты достар!

Біздің үйдің жақсы дәстүрлері

Мақсаты: оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлттық дәстүрден үлгі-өнеге алу, оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, ұлттық бұйымдар, слайд.

Барысы:

Мұғалім: Салт — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі. Қазақтың бірнеше салттары бар. Олар: шілдехана, кіндік кесу, бесікке салу, тұсау кесу, т.б. **ғұрып** — қазақтың өмір салты қолдану мен дәріптеуді ғұрып дейміз. Қазақ халқында қалыптасқан бірнеше ғұрыптар бар. Мысалы: ат қою, айдар тағу. **Дәстүр** — халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып, және дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық әдеп-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және іс-әрекеттер көрінісі. Қазақтың бірнеше дәстүрлерін атап өтсек: базарлық, тыштырма, жеті ата.

«Қазақтың дәстүрлері-ай» әнін тыңдау.

1-оқушы: Ата-салтым асыл мұрам, ардағым,

Бабалардың жалғастырар арманын.

Сан ғасырда салтын бұзбас қадірім,

Өткенімді бүгініммен мен жалғадым.

2-оқушы: Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,

Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзін қалдырған.

Салт-дәстүрді ардақтайық, ағайын,

Қазақ атты үлкен, кіші балдырған.

3-оқушы: Ата салты ардақты,

Әрбір сөзі салмақты.

Сол сөздерді ұқпасак,

Тістерсің бір күн бармақты.

Мұғалім: Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз ата-бабаларымыздан бізге жеткен салт-дәстүрлеріміз туралы болып отыр. Ендеше күнделікті өмірде қандай салт-дәстүрлерді білеміз?

Слайд шығады: бесікке салу, шаш алар, беташар, сүндетке отырғызу, бата беру, тұсау кесер.

Мұғалім: Балалар, біз өмірде көріп жүрген «Бесікке салу» дәстүрі туралы тоқталып өтейік.

1-оқушы: Қазақ баласын ағаштан жасалған бесікке салып асырайды. Ағаш бесік — қасиетті киелі мүлік. Сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу дәстүрі өнегелі әжелерге тапсырылады.

2-оқушы: Алас, алас, пәледен алас,

Иесі келді пәледен көш!

Алас, алас пәледен алас,

Көзі жаманның көзінен алас,

Тілі жаманның тілінен алас, - деп әжесі бесікті отпен аластап, бесікті дайындап, жастығының астына бала сұлу болсын, айнадай жарық болсын деп айна, тарак қояды.

3-оқушы: Баланы бесікке бөлемес бұрын бесіктің түбегі тұратын тесіктен тәттілер өткізіп «тыштыма», «тыштыма», -деп жасайды. Оны «тыштыма» деп атайды. Тыштыманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.

4-оқушы:

Баланы бесікке бөлеп, бесіктің үстіне жеті түрлі нәрсе жабады:

1. Бесігің көрпелі болсын деп бесік көрпе жабады;

2. Ұйқың тыныш болсын деп қап жабады;

3. Ер жеткенде халқына қадірлі болсын деп шапан, тон жабады;

5. Ел қорғайтын азамат болсын деп қамшы іледі;

6. Бесікке көз тимесін деп тұмар тағады;

7. Қырандай көреген болсын деп бүркіттің тұяғын байлайды.

«Бесік жыры» әні орындалады.

Мұғалім: Оқушылар, баланы бесікке салуда үлкен мән-мағына бар екенін көріп отырсыздар. Енді сендер қандай дәстүрлерді көріп жүрсіндер?

(Балға ат қою, тұсау кесу, ит көйлек тастау, шаш алу, атқа мінгізу, тоқым қағу, сүйінші, сәлемдеме, көрімдік, шашу, ерулік)

«Ит көйлек тастау» дәстүрі туралы не білеміз?

5-оқушы: Туғанына қырық күн толғанда баланы қырқынан шығарады. Ит көйлекке тәттілер түйіп, иттің мойнына байлап қоя береді. Балалар итті қуып жетіп тәттілерді бөліседі.

Мұғалім: Баланы қырқынан шығаруға әйелдер жиналып, әйелдер теңге, сақина салынған суға шомылдырып, «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп баланың үстіне қырық қасық су құяды. Сақинаны баланы жуындырған әйелдер бөліседі. Содан кейін баланың тырнағын алып, адам баспайтын жерге көмеді. Шашын алып, шүберекке түйіп, киімінің иығына байлайды.

Тұсау кесу дәстүріне тоқталайық.

6-оқушы: Сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасайтын дәстүр. Тұсауды ала жіппен кеседі. Ол біреудің ала жібін аттамасын, ұрлық жасамасын, өтірік айтпасын деген ниетке негізделеді.

7-оқушы: Тұсау кесуге арналған жыр бар.

Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассан мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз балам, қаз балам,
Тақымыңды жаз, балам,
Қадамыңды қарайық,
Басқаныңды санайық,
Қаз-қаз балам, жүре ғой,
Тай-құлын боп шаба ғой,
Құтты болсын қадамың.

Шаш алу тойы қай кезде болады?

8-оқушы: Сәби жасқа шыққаннан кейін қарын шашы алынады. Баланың қарын шашын нағашы атасы алады да оған үй иелері сый-сыйапат береді.

- Ендігі кезекті көрніске берейік.

1-оқушы: Айтпақшы, достым, бүгін Нұрбек атайдың үйінде қуанышты той болады деп естідім.

2-оқушы: Ендеше бекер отырмайық «Қызықтан құр қалма» деген неге ойын-тойды тамашаламасқа?! Кеттік Нұрбек атайдың үйіне.

(Ата мен әже үйден шығады)

1-оқушы: Ассалаумағалейкум, ата!

Ата: Уағалейкумассалам!

2-оқушы: Ата, мал-жан, бала-шағаңыз аман ба?

Ата: Аллаға шүкір.

(Үш-төрт бала шығады)

- Сүйінші, сүйінші!

- Алақай, алақай!

- Дүниеге нәресте келді!

- Жеңгем ұл туды, сүйінші!

- Ата, әже, сүйінші! Өмірге немереңіз келді.

Әже: Не дейді? Құлыным-ай!

Ата: Рахмет, қарақтарым! Міне сүйіншілерің, алыңдар, қарақтарым, ала қойыңдар.

«Сүйінші»

Қуанышты хабар жеткізуші адам «Сүйінші, сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «Қалағаныңды ал» дейді немесе риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл — қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөккетігі жоқ.

(Келіншек баласын көтеріп келеді де сәбиді әжесіне береді)

Әжесі шашу шашады.

«Шашу»

Шашу — қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да салтанатты дәстүр. Келін түскенде, жақсылық күндерде, алыс сапардан жолаушы келгенде, құда келгенде, т.б. зор қуанышты күндерде әйелдер құрт, кәмпиттен, күміс теңгеден шашу шашады. Шашылған шашуды тойға қатысушылар теріп алып, балаларына апарып береді. Шашуды тек әйелдер ғана шашады.

Әже: Ой, құлыным-ай, өмір жасың ұзақ болғай! Тіл мен көзден аман болғай! Тіфә, тіфә! Құлыным аумаған атасы ғой. Ал, атасы, немеренді.

1-оқушы: Ата, қазақтың ғұрыптарының бірі «Балаға ат қою» рәсіміне кезек берсек қайтеді?

Ата: Дұрыс айтасың, балам, осы ауылдың ақсақал атасы Өркен атаға ат қою рәсімін жасатайық!

Өркен ата: Құлыным, үлкен жігіт бол, Халыққа сенім үміт бол.

Ата-анаңа, баршана,

Ұлы бақыт қызық бол.

Ел бастаушы көсем бол.

Қорғансызға қамқор бол,

Қайда жүрсең аман бол.

Сенің атың «Ербол», сенің атың «Ербол», сенің атың «Ербол». Халқыңның қадір тұтар ұлы бол. Әумин!

Мұғалім: Дәл осындай дәстүр Аружанның үйінде орындалды.

Әже: Қалжа дәмінен алып отырыңдар!

«Қалжа»

Ата-бабамыздан қалған дәстүр бойынша бала дүниеге келіп, мол сыйлық берілетін тамақ «Қалжа» деп аталады.

1-оқушы: Рахмет, әже. Немереңіздің бауы берік болсын! Мынау нәрестенің көрімдігі.

2-оқушы: Халқына қалаулы еліне елеулі азамат болсын. Мен де көрімдігімді берейін.

«Көрімдік»

Жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға, т.б. алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау — халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алуда, беруде емес адамгершілігін, ниетін, ашық қолдығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Байғазы мен көрімдік — екі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады.

Әже: Тілектерің қабыл болсын!

1-оқушы: Ауылдың алты ауызын айтып отырайық!

2-оқушы: Баланы дүниеге әкелген ең қымбат жан-ана. Ана баланы дүниеге әкеледі. Ана балаға өмір бойы қамқор болады. Ана туралы ән айтайық.

«Апатайым, анашым» әні орындалады.

Ата: Аружан қызым, дүниеге келген немереме арнап «Бала тілегі» өлеңін айтып берші. **Бала:** Ата дұрыс айтады.

2-көрініс.

Келін: Әже атаның қалада тұратын досының баласы осы ауылға көшіп келіпті. Ерулік беріп, қонаққа шақырсақ бола ма?

Әже: Айналайын, дұрыс айтасың.

«Ерулік»

Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұратындар ерулік береді, қонаққа шақырады.

(Жігіт қонаққа келеді, амандасады)

Келіні: Тамақ алып отырыңыздар.

Әжесі: Еруліктің дәмінен алып отырыңыздар.

Жігіт: Сый-құрметіңізге рахмет. Рұқсат етсеңіз мен кетейін.

Ата: Бұйымтайыңды айт, балам.

Жігіт: Менің балам сіздің алты өрім қамшыңызды қалап отыр, бұйымтай осы болып тұр.

«Қалау»

Біреудің жақсы затына, малына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйге барып қалау қалайды. Дәстүр бойынша үй иесі қалаушы адамға қонақасы беріп, қалағанын орындап қайтаруға тиіс. Бұл — жомарттық пен мәрттіктің белгісі.

Жігіт: Ата, сізге менің атам мына сәлемдемені беріп жіберді!

Ата: Рахмет, балам, атаң менің жақсы көретін затымды ұмытпаған екен.

«Сәлемдеме»

Сәлемдеме — адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Олар көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберген қымбат бұйымы.

1-оқушы: Ата дәстүр абырой көтергенде,

О, бұл сөздер сүйектен өтер демде!

Токталамыз енді біз, ал, халайық,

Қанатты сөз, мақал менен мәтелдерге.

«Сөздің көркі — мақал» деген ұғым бар. Біздің тойымыз қыза түскендей.

1-оқушы: Ассалаумағалейкум, қарсыласым. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» деген, сәлем беруге келдім.

2-оқушы: Амансың ба, достым? «Қуыс үйден құр шықпа» деген, тізенді бүгіп дәм ауыз ти.

- «Сыйлап берген су балдан да артық» дегендей жайғассақ, жайғасайық.

- «Сыйға сый, сыраға бал» демекші, өткенде өздеріңізге риза болып қайттық.

- «Аз да бітер, көп те бітер, татулыққа не жетер» демекші, татулық пен ауызбірлікке не жетсін.

- «Төртеу түгел болса төбедегі келер, алтау ала болса ауыздағы кетер» деген ғой, о не дегеніңіз.

- «Бірлік түбі — тірлік» деген ғой бабаларымыз, бірлік болсын.

- «Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады» дегендей, көңіліміз бір марқайып қалды ғой.

- «Әңгіме, әңгіме дегізер, әңгіме бұзау емізер» демекші, қой, қайтайын, мал келетін уақыт болды.

- «Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылар» деген, әлі кездесерміз, сау бол!

Ата: Қарап отырсақ, қазақтың мақалдап сөйлеген сөзінің өзі бір шырайлы, тәрбиелік мәні зор, астарлы.

Мұғалім: Бүгінгі тәрбие сағатымызда өздеріңіз куә болған дәстүрлерді көкейлеріңе тоқып, саналарыңа сіңіріп алыңдар. Ұлттық салт-дәстүріміз ешқашан көнермейді, ұлттық мұраны қайта жаңғырту, оқушылар, сендердің міндеттерің. Әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін, тілінің, салт-дәстүрінің жанашыры болатындығына сенемін. Еліміздің жарқын болашағы сендердің қолдарыңда, құрметті оқушыларым!

**Индира Дабылкызы
ӘЛІШБАЕВА,**

Шахта орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

**Таушық ауылы,
Түпқараған ауданы,
Маңғыстау облысы.**

Ұстаз

Ұстаз – дихан, еге білер егісін,
Жылына бір жинап алар жемісін .
Ұстаз емші түзеткенде «қисықты»,
Хирургтей білдірмейтін тігісін.

Өзі әнші, күміс көмей, жез таңдай,
Әрі сазгер, әрі ақын, ой қандай,
Өзі биші, өзі күйші, әрі ұста
Білгендер де отыра алмас танданбай.

Ұстаз – дана қазған білім саласын,
Әке, ана мәпелеген баласын
Әлі де өлшеп көрсетіп жүр біздерге,
Адалдық пен жамандықтың арасын.

Гүлнафис Әнуарбекқызы ӘСІМОВА,
№12 орта мектептің қазақ тілі
мен әдебиет пәні мұғалімі.
Заречный ауылы,
Қапшағай қаласы.





Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді. Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Индекс 75489

Қиын алыңыз да, жазылыңыз!

Басылым индексі
АБОНЕМЕНТ

«Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері»

75489

Комплекті саны

2024 жылға, айлары

кайда													

(почта индексі)

(мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)

ПВ орны

Тасымалдау карточкасы

75489

Басылым индексі

Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге	...тиын	комплекті саны
		...тенге	...тиын	

2024 жылға, айлары

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
кайда											

кайда

(почта индексі)

(мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)

